**Жамбыл облысының 2003-2005 жылдарға арналған аграрлық азық-түлік "Ауыл" бағдарламасы туралы**

***Күшін жойған***

Жамбыл облыстық мәслихатының 2002 жылғы 22 карашадағы N 15-4 шешімі. Жамбыл облыстық әділет басқармасында 2003 жылғы 13 қаңтарда N 808 тіркелді . Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2007 жылғы 30 наурыздағы № 22-22 Шешімімен

Еркерту. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2009.03.30 № 22-22 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1-ші тармағы 2-ші тармақшасына сай облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Жамбыл облысының 2003-2005 жылдарға арналған аграрлық азық-түлік " Ауыл" бағдарламасы бекітілсін \қоса беріледі\.

2. Аудандардың, Тараз қаласының әкімдері бір ай мерзім ішінде осы Бағдарламаға сай 2003-2005 жылдарға арналған аудандық және қалалық аграрлық азық-түлік "Ауыл" Бағдарламасын және оны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспарын бекітсін.

3. Аудандар және Тараз қаласының әкімдері, облыс әкімінің ауыл шаруашылық, білім беру, қаржы, денсаулық сақтау, экономика басқармалары, облыстық статистика, қоршаған ортаны қорғау басқармалары, облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті, Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқармасы, аумақтық орман және биоресурстар жөніндегі басқармасы , "Жамбылсушаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны, "Казагроэкс " жабық акционерлік қоғамы, машина құру, ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындар мен ұйымдар, минералды тыңайтқыштар өндіретін химиялық өнеркәсіптер меншік нысанына қарамастан осы бағдарламада жоспарланған іс-шаралардың міндетті түрде орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Бағдарламаның орындалу барысына бақылау жасау облыстық мәслихаттың аумақты әлеуметтік-экономикалық дамыту, жергілікті өзін-өзі басқару, қаржы және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына және облыс әкімі аппаратының агроөнеркәсіп кешені және қоршаған ортаны қорғау бөліміне жүктелсін.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

Жамбыл облыстық Мәслихатының 2002 жылғы 22 қарашадағы N 15-4 "Жамбыл облысының 2003-2005 жылдарға арналған аграрлық азық-түлік "Ауыл" бағдарламасы туралы" шешімімен бекітілген

## Жамбыл облысының 2003-2005 жылдарға арналған аграрлық азық-түлік "Ауыл" бағдарламасы Паспорт

Атауы — Жамбыл облысының 2003-2005 жылдарға арналған аграрлық азық-түлік "Ауыл" бағдарламасы

Бағдарламаны әзірлеудің негізі — Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 тамыздағы "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" N 864 Қаулысы

Негізгі әзірлеуші — Жамбыл облысы Әкімінің ауыл шаруашылығы және экономика басқармалары

Мақсаты — Агроөнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекеге қабілетті өнім өндіру

Міндеттері — - Облыс халқын басты азық-түліктермен қамтамасыз ету;
- аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру;
- ауыл шаруашылығы өнімін және оны қайта өңдеу өнімдерін ішкі және сыртқы рыноктарда сату көлемін ұлғайту;
- ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау шараларын ұтымды ету;
- ауылды қайта түлету, агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты және серпінді дамуын қамтамасыз ете отырып, село халқының әл-ауқатын көтеру;
- ауылды таза, сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету;

Қаржыландыру көздері Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, заем қаражаты, тікелей инвесторлар, гранттар және басқа қаржы институттарының қаражаты

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін түпкілікті нәтиже Халықтың тұрмыс деңгейін көтеруді қамтамасыз ететін экономика саласының өсуіне қол жеткізу

Іске асыру мерзімі 2003-2005 жылдар

## Кіріспе

Жамбыл облысы - аграрлық аймақ болғандықтан агроөнеркәсіп кешені облыс экономикасының аса маңызды саласы болып табылады.

Жүргізілген реформалардың нәтижесінде, ауылдық экономика көп салалы болып, өндірістің нарықтық жаңа инфрақұрылымы құрыла бастады.

Осы бағдарлама "Ауыл шаруашылығының 2010 жылға дейінгі даму стратегиясында, 2002 жылғы 29 сәуірдегі Президенттің Қазақстан халқына жолдауында және Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы нөмірі N 889 Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасында қойылған міндеттер мен талаптар ескеріліп әзірленген.

Бағдарламаны әзірлеу үстінде, бұрын бекітілген мына бағдарламаларда қойылған міндеттер ескерілді: селоның 2001-2005 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуы, 2001-2005 жылдарға арналған облыс ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуы, 2001-2005 жылдарға арналған облыстың азық-түлік қауіпсіздігі, облыстың қала маңындағы аймақтарда сүт өндірісін дамыту, 2002-2005 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы дақылдардың егіс көлемі құрылымын оңтайландыру және тұрақтандыру жөнінде, 2002-2005 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы дақылдардың тұқым шаруашылығын дамыту, қант өндіру саласын жандандыру, 2010 жылға дейінгі кезеңге жүзім шаруашылығы мен шарап жасау өндірісін қалпына келтіру және дамыту, 2002-2005 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы өндірісін минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету, 2003-2005 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу жөнінде.

Бағдарламаның басты мақсаты - жер, табиғи, еңбек ресурстары, озық технологиялары және ауыл шаруашылығы өндірісінің оңтайлы құрылымын құру негізінде, агроөнеркәсіп кешені барлық салаларының тұрақты дамуы болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері - экономикалық өсімді қамтамасыз ету, экономиканы әлеуметтік бағытын күшейту, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде және өңдеуде, оларды сатып алып өңдейтін кәсіпорындарға жеткізумен айналысатын шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін, сондай-ақ ауылдық тауар өндірушілерді ақпарат, жаңа технологиялар, техника мен материалдармен қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.

1. Аграрлық азық-түлік бағдарламасының мақсаты, міндеттері мен өлшемдері 2003-2005 жылдарға арналған аграрлық азық-түлік бағдарламасының негізгі мақсаты агроөнеркәсіптік кешеннің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекеге қабілетті өнім өндіру.

Бағдарламаның мақсатына жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

· облыс халқын басты азық-түліктермен қамтамасыз ету;
· аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру;
· ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімдерін ішкі және сыртқы рыноктарда сату көлемін ұлғайту;
· ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау шараларын ұтымды ету;
· ауылды қайта түлету, агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты және серпінді дамуын қамтамасыз ете отырып, село халқының әл-ауқатын көтеру;
· ауылды таза, сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету.

Аграрлық азық-түлік бағдарламасының тиімділігін бағалау үшін облыстағы агроөнеркәсіптік кешеннің сапалық жай-күйін анықтауға мүмкіндік беретін өлшемдер жүйесі пайдаланылатын болады. ағымдағы жай-күй мен күтілетін нәтижелер мынандай өлшемдер топтары бойынша бағаланатын болады:

1) халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді және қамтамасыз ету жүйесінің тұрақтылық деңгейін сипаттаушылар:

· азық-түліктің нақты және экономикалық қол жетімділік деңгейі;
· ішкі тұтыну рыногындағы тамақ өнімдері импортының үлес салмағы;
· облыс халқының тұтыну нормаларының стандарттарын қамтамасыз ету үшін тамақ өнімдерін өндірудің қажетті көлемін сипаттайтын шекті мәндер;

2) ауыл шаруашылығы өндірісін және қайта өңдеуді дамытудың тиімділігін сипаттаушылар:

· аграрлық бизнес пен қайта өңдеу кәсіпорындары кірістерінің деңгейі;
· ғылыми негізделген аграрлық технологиялар мен қайта өңдеу технологияларын қолдану деңгейі;
· ішкі азық-түлік рыногындағы негізгі тамақ өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі;

· ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің көлемі мен өткізу рыноктары сиымдылығының теңдестірілуі;
· халықты жұмыспен қамтудың өсуі;

3) аграрлық азық-түлік кешенін мемлекеттік реттеу деңгейін сипаттаушылар:

· ауыл шаруашылығы мақсатындағы тауарлар мен қызметтер көрсетуге кедендік-тарифтік және салық режимі;

· ауыл шаруашылығы өнімі мен тамақ өнімдерін өндіруді мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесі;

· ауыл шаруашылығы өнімі мен тамақ өнімдерін өндіруді мемлекеттік қолдау мөлшерлері және тиімділігі;

4) инфрақұрылымдар мен әлеуметтік саланың жағдайын сипаттаушылар:

сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейі;

· көлік коммуникациясы және байланыс деңгейі;

· селодағы білім сапасы және мәдениетті жақсарту;

· селодағы дәрігерлік қамту жағдайы.

2. Облыс халқын негізгі азық-түлікпен қамтамасыз ету Азық-түліктік қауіпсіздік - сыртқы және ішкі жағдайларға қарамастан, тамақтандырудың физиологиялық нормаларына сәйкес халықтың тамақ өнімдеріне деген қажеттерін қанағаттандыратын тиісті ресурстармен, әлеуетпен және кепілдіктермен қамтамасыз етілген экономиканың, соның ішінде оның агроөнеркәсіптік кешенінің жай-күйі ("Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19.01.2001 ж. N 143-11-ҚРЗ).

Елдің азық-түлікпен қамтамасыз етілуіндегі ағымдағы жай-күйі:

2.1. Азық-түліктің нақты қол жетімділік деңгейі.

Азық-түліктің нақты қол жетімділігі тұтыну нормаларына сәйкес келетін көлемде және түр-түрлерімен, тұтыну орындарында оның үздіксіз болуы ретінде анықталады:

· тамақ өнімдеріне нақты қол жетімділік деңгейін бағалау тамақ өнімдерін нақты тұтыну көлемінің тұтыну стандарттарының негізінде есептелген, халықтың қажетті көлеміне сәйкестігі ретінде анықталады;

· облыста халықтың тамақ өнімдерін тұтыну стандарттарына сәйкестігін талдау тұтастай алғанда, тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі деңгейі қамтамасыз етілетіндігін көрсетеді;

· тамақ өнімдерінің жекеленген топтары бөлінісінде елеулі айырмашылықтар бар: егер нан мен нан-тоқаш өнімдері, картоп, көкөніс пен сүт бойынша тұтыну шекті мәндер деңгейінен жоғары немесе деңгейінде болса, ал ет, жеміс-жидек, балық, қант пен жұмыртқа бойынша нақты тұтыну тұтынудың ең төменгі нормаларынан төмен.

1-кесте

**Облыс халқының азық-түлікті жан басқа шаққанда тұтыну стандартына кг/жылмен нақты тұтынуы**

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| Азық-түліктің» түрі | Нақты тұтыну, кг / жыл | | Тұтыну стандарты, кг / жыл | Нақты тұтынудың тұтыну стандартына ара-қатынасы, % | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1997 жыл | 2000 жыл | | 1997 жыл | 2000 жыл |
| Нан өнімдері | 199,2 | 117,0 | 116,17 | 171,47 | 100,71 |
| Картоп | 45,2 | 50,0 | 62,34 | 72,51 | 80,21 |
| Көкөністер мен бақша дақылдары | 55,0 | 79,0 | 55,14 | 99,75 | 143,45 |
| Жеміс-жидектер | 5,2 | 8,0 | 29,19 | 17,81 | 27,41 |
| Ет және өнімдер | 26,6 | 23,9 | 41,60 | 63,94 | 57,45 |
| Сүт және өнімдер | 120,2 | 87,4 | 179,53 | 66,95 | 48,68 |
| Жұмыртқа, дана | 74,0 | 73,0 | 103,40 | 71,57 | 70,60 |
| балық және өнімдер | 1,7 | 2,8 | 4,38 | 38,81 | 63,93 |
| Қант | 13,0 | 17,6 | 15,26 | 85,19 | 115,33 |
| Өсімдік майы | 6,1 | 10,3 | 8,47 | 72,02 | 121,61 |

* - "Қазақ тағам академиясы" ЖАҚ әзірлеген және осы Бағдарламаны әзірлеу кезінде пайдалану үшін ұсынылған.

Облыс халқының азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің деңгейі көбінесе оның өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету мүмкіндігіне байланысты ( 2 - кесте).

2-кесте

**Облыс халқының өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі**

| Атауы | Тамақ өнімдерін тұтыну стандарттары кг/жыл | Облыс бойынша тамақ өнімдерін тұтынуды» шекті деңгейі ( халық х 2 баған), тонна | Ауыл шаруашылығы өніміне есептегенде, облыс бойынша тамақ өнімдерін тұтынудың шекті деңгейі | | Ауыл шаруашылығы өнімін нақты өндіру, тонна | Қамтамасыз етілуі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | өнім | тонна | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Нан өнімдері ( қарабидай, күріш пен бұршақ тұқымдастарды қоса ұнға есептегенде | 92,12 | 90860 | Бидай, барлығы | 122820 | 235106 | 191,4 |
| Бұршақ тұқымдастар | 3,72 | 3669 | Бұршақ тұқымдастар | 5241 | 161 | 3,1 |
| Картоп | 62,34 | 61486 | Картоп | 61486 | 86509 | 140,7 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Көкөністер және бақша дақылдары, барлығы | 55,14 | 54385 | Көкөністер және бақша дақылдары, барлығы | 54385 | 377335 | 693,7 |
| Капуста | 14,73 | 14528 | Капуста | 14528 | 15365 | 105,8 |
| Пияз | 14,66 | 14459 | Пияз | 14459 | 108038 | 747,2 |
| Сәбіз | 11,15 | 10997 | Сәбіз | 10997 | 34441 | 313,2 |
| Қызылша | 1,46 | 1440 | Қызылша | 1440 | 8262 | 573,7 |
| Бақша дақылдарын қоса, басқа көкөністер | 13,14 | 12960 | Бақша дақылдарын қоса, басқа көкөністер | 12960 | 211229 | 1629,8 |
| Жеміс-жидектер, барлығы | 27,37 | 26995 | Жеміс-жидектер, барлығы | 26995 | 5476 | 20,3 |
| Алмалар | 23,73 | 23405 | Алмалар | 23405 | 3543 | 15,1 |
| Жидектер, ( жүзім және т.б) | 3,70 | 3649 | Жидектер, (жүзім және т.б) | 3649 | 1933 | 53,0 |
| Қант | 15,26 | 15051 | Қант қызылшасы | 125425 | 50707 | 40,4 |
| Ет өнімдері ( етке есептегенде ) | 41,60 | 41030 | Ет, барлығы | 41030 | 30600 | 74,5 |
| Сиыр еті | 14,60 | 14400 | Сиыр еті | 14400 | 11687 | 81,1 |
| Шошқа еті | 10,22 | 10080 | Шошқа еті | 10080 | 3288 | 32,6 |
| Қой еті | 8,03 | 7920 | Қой еті | 7920 | 10820 | 136,6 |
| Құс еті | 5,47 | 5395 | Құс еті | 5395 | 610 | 11,3 |
| Басқа жануарлардың еті | 3,28 | 3235 | Басқа жануарлар еті | 3235 | 4195 | 129,6 |
| Балық, барлығы | 4,38 | 4320 | Балық барлығы | 6171 | 637** | 10,3 |
| Жұмыртқа, мың дана | 0,1034 | 101983 | Жұмыртқа, мың дана | 101983 | 65532 | 64,2 |
| Сүт өнімдері ( сүтке есептегенде) | 179,53 | 177070 | Сүт барлығы | 177070 | 177157 | 100 |
| Сүт, л (тонна) | 91,24 | 89990 | Сүт л. (тонна) | 89990 | 98989 | 110 |
| Қаймақ | 2,19 | 2160 | Қаймақ | 2160 | 68 | 3,1 |
| Ақ ірімшік | 2,19 | 2160 | Ақ ірімшік | 2160 | 131 | 6,0 |
| Мәйекті ірімшік | 2,55 | 2515 | Мәйекті ірімшік | 2515 | 689 | 27,4 |
| Сары май | 2,19 | 2160 | Сары май | 2160 | 120 | 5,5 |
| Өсімдік майы, л | 8,47 | 8354 | Майлы дақылдар | 41770 | 5071 | 12,1 |
| Күнбағыс майы, л | 6,53 | 6440 | Күнбағыс | 32200 | 2515 | 7,8 |
| Ашытқы | 0,06 | 59 | Ашытқы | 59 | 119 | 201,7 |
| Тұз | 0,37 | 365 | Тұз | 1440 | 4724 | 328 |

* 2001 жылғы 1 қаңтарда облыс халқының саны 986,3 мың адам болды
** жедел деректер
*** ішкі өндірістік тұтынуды есепке алмағанда

Тұтыну стандартына сәйкес облыс халқының тамақ өнімдерімен қамтамасыз етілуін талдау, тұтастай алғанда облыс тамақ өнімдерінің негізгі түрлерімен өзін-өзі қамтамасыз етіп отырғанын көрсетеді:

бидай, картоп, көкөніс, сүт бойынша қамтамасыз етілу шекті мәннен жоғары;

бұршақ тұқымдастар, алма, жеміс-жидек, қант, ет, балық, жұмыртқа, майлы дақылдар бойынша нақты өндіріс тұтынудың стандарттық нормаларынан төмен.

2.2. Экономикалық қол жетімділік деңгейі

Азық-түлікке экономикалық қол жетімділік ең төменгі тұтыну себетіне енгізілген көлемде баға мен кірістің қалыптасқан деңгейі жағдайында халықтың азық-түлік тауарларын сатып алу мүмкіндігі ретінде анықталады.

3-кесте

**Халықтың кірістері деңгейі**

| №N | Басты көрсеткіштер | 1999 жыл | 2000 жыл | 2001 жыл |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Халықты»ақшалай кірісі (бір айда орташа жан басына шаққанда ) теңге | 2657 | 3194 | 3326 |
| 2 | Күнкөріс деңгейінің шамасы (бір айда орташа жан басына шаққанда) теңге | 2890 | 3335 | 3765 |
| 3 | Экономикалық қол жетімділік коэффициенті (1 жол: 2 жолға) | 0,92 | 0,96 | 0,88 |

2001 жылы жан басына шаққанда орташа номиналдық ақшалай кіріс облыс бойынша бір айда орта есеппен 3326 теңге болды, бұл айына орта есеппен 3765 теңге көлемінде қалыптасқан ең төменгі күнкөріс деңгейін қамтамасыз етпейді.

Алайда, халықтың топтары бойынша кіріс деңгейінің елеулі саралануы байқалады. 2001 жылы облыс бойынша тұтастай алғанда кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз халықтың үлесі 11,7 пайыз болды, оның үстіне осы халықтың үлесі қалада - 0,6 %, ауылда 19,4 %.

Кірісі азық-түлік себетінің құнынан жоғары халықтық үлесі облыс бойынша орташа есеппен 26,2 % болды.

2.3. Ішкі тұтыну рыногындағы тамақ өнімдері импортының үлес салмағы

Облыста ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін тұтынудағы импорттың үлесі болмашы.

4-кесте

**Негізгі тамақ өнімдерін тұтынудағы импортының үлесі (%)**

| Өнімдердің атауы | 1998 жыл | 1999 жыл | 2000 жыл | 2001 жыл |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Картоп | 1,4 | 4,4 | 1,4 | 1,0 |
| Көкөністер мен бақша дақылдары | 0,4 | 2,7 | 0,6 | 0,2 |
| Ет және ет өнімдері | - | - | - | - |
| Сүт және сүт өнімдері | 0,2 | 0,4 | 1,3 | 1,9 |

5-кесте

**Тамақ өнімдерін өндіру және олардың импорты**

| | **1998 жыл** | | | | **1999 жыл** | | | | **2000 жыл** | | | | **2001 жыл** | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | Өндіріс | Импорт | импорт үлесі, % | Барлығы | Өндіріс | Импорт | импорт үлесі, % | Барлығы | Өндіріс | Импорт | импорт үлесі, % | Барлығы | Өндіріс | Импорт | импорт үлесі, % |
| Өсімдік майлары | 361,5 | 52 | 309,5 | 85,6 | 698 | 18,0 | 680,4 | 97,4 | 2418,9 | 4 | 2414,9 | 100 | 2708 | 108 | 2600 | 96,0 |
| Қант*, мың. тонн | 143,2 | 140,8 | 2,4 | 1,7 | 123,1 | 116,5 | 6,6 | 5,4 | 143,8 | 142,7 | 1,1 | 0,8 | 164,4 | 162,4 | 2,0 | 1,2 |
| Шұжық тағамдары, тонна | 64 | 64 | - | - | 11,4 | 11,0 | 0,4 | 3,5 | 44 | 44 | - | - | 283 | 283 | - | - |
| Ет консервілері, тонна | 187,9 | - | 187,9 | 100,0 | 9,6 | - | 9,6 | 100 | 21,1 | 1,1 | 20,0 | 94,8 | 155,8 | 4,0 | 151,8 | 97,5 |
| Сүт пен кілегей, мың. тонна | 1,7 | 1,6 | 0,1 | 5,9 | 1,1 | 1,6 | 0,5 | 45,4 | 4,8 | 2,7 | 2,1 | 43,7 | 6,2 | 3,0 | 3,2 | 51,6 |
| Сары май, тонна | 218,3 | 149 | 69,6 | 31,7 | 205,8 | 167 | 38,8 | 18,9 | 335,3 | 128 | 207,3 | 61,8 | 192 | 120 | 72 | 37,5 |
| Сары ірімшік және ақ ірімшік , тонна | 545,3 | 366 | 179,3 | 32,9 | 779,3 | 559 | 220,3 | 28,3 | 1213,8 | 884 | 329,2 | 27,14 | 1370,4 | 849 | 521,4 | 38,0 |
| Маргарин өнімі, тонна | 44,3 | - | 44,3 | 100 | 12,0 | - | 12,0 | 100 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Кондитер өнімдері, тонна | 407,7 | 131,7 | 276,7 | 67,9 | 76,7 | 27 | 49,7 | 64,8 | 131,2 | 5 | 126,2 | 96,2 | 100,9 | 78 | 22,9 | 22,7 |

* қант өндіру импорттық шикізатты қайта өңдеу есепке алынып көрсетілді.

6-кесте

**Тамақ өнімдерін тұтынудағы импорт**

(тонна)

| Көрсеткіштер | 1998 ж . | | 1999 ж . | | 2000 ж . | | 2001 ж . | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | импорт | үлесі , % | импорт | үлесі , % | импорт | үлесі , % | импорт | үлесі, % |
| Өсімдік майлары | 309,5 | 85,6 | 680,4 | 97,4 | 2414,9 | 100,0 | 2600,0 | 96,0 |
| Қант | 2406,6 | 1,7 | 6577,4 | 5,4 | 1108,2 | 0,8 | 2005,8 | 1,2 |
| Шұжық тағамдары | - | - | 0,4 | 100,0 | - | - | - | - |
| Ет өнімдері (консервілер) | 187,9 | 100 | 9,6 | 100 | 20 | 100 | 151,8 | 100 |
| Сары май | 69,3 | 31,7 | 38,8 | 18,9 | 207,3 | 61,8 | 72,0 | 37,5 |
| Сары ірімшік және ақ ірімшік | 179,3 | 32,9 | 220,3 | 28,3 | 329,2 | 27,1 | 521,4 | 38,0 |
| Маргарин өнімі | 44,3 | 100 | 12,0 | 100 | - | - | - | - |
| Кондитер өнімдері | 276,7 | 67,9 | 49,7 | 64,8 | 126,2 | 96,2 | 22,9 | 22,7 |

Тамақ өнімдері экспорт-импортын талдау астық дақылдары мен ұн-жарма өнеркәсібі өнімінің позициялары бойынша тұтастай алғанда, оң теңгерімді көрсетіп отыр. Алайда, тереңдеп қайта өңделген барлық басқа тамақ өнімдері, өсімдік майы мен құс еті бойынша сыртқы сауданың сальдосы теріс. Импорт ағынын талдау облысқа негізгі азық-түлік импорттаушы Ресей екендігін көрсетіп отыр - оның үлесі импорттың жалпы көлемінің 60%-ы. Ол шұжық тағамдарының ет және ет-өсімдік консервілерінің, печеньенің, кондитер тағамдарының, наубайхана ашытқысының, какао мен қанттан жасалатын кондитер тағамдары оның, қоюлатылған және құнарландырылған сүттің, кетчуптің, майонездің, балмұздақтың, сыраның, күнбағыс майының сары майдың 70%-нан 30%-на дейін қамтамасыз етеді.

Көлемі жағынан екінші импорттаушы Қырғызстан болып табылады - оның үлесі 10%-дан 40%-а дейін. Сондай-ақ, Өзбекстан да облысқа импорттаушы болып табылады.

Бұл бағытта есеп-қисаптың жоқтығы, 2003 жылдан бастап, барлық өнім түрлерінің қозғалысы жөніндегі есепті жолға қоюды керек етеді.

## 2.4. Тамақ өнімдерінің сапа стандартына сәйкестік деңгейі.

Қазіргі кезде отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және оны қайта өңдеу халықаралық, көбінесе тіпті ұлттық сапа стандартына да сай келмейді. Облыстық СЭС деректері бойынша 2001 жылы 5838,3 кг тамақ өнімдері жарамсыз деп танылған. Санитарлық гигиеналық зерттеу қорытындысымен жарамсыз деп танылған тамақ өнімдерінің Россия мен Қырғызстаннан әкелінген 4722,9 кг-ы немесе 84%-ы болса, өзімізде өндірген отандық өнімдердің 1115,4 кг немесе 19%-ы болған.

Сапасыз өнімдердің жоғары үлесі сүт пен сүт өнімдерінен болып отыр. 3904 кг (66,9%-ы) өнімнің 18 кг-ы (0,5%-ы) жергілікті өнім, ет және ет өнімдерінің 646,7 кг-ынан (11,1%-ы) 71,2 (11%), кондитер өнімдері бойынша 263,4 кг-нан ( 4,5%) - 1,4 кг-ы (4%) жергілікті өнім.

## 2.5. Жалпы тұжырымдар

Халықтың тамақ өнімдерімен жалпы қамтамасыз етілгендігін және бұл жүйенің тұрақтылығын сипаттай келіп, мынандай қорытындылар жасауға болады:

- азық-түлік рыногы, тұтастай алғанда, негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ұлттық стандартын қамтамасыз етіп отыр;
- қатер төнген жағдайда негізгі тамақ өнімдерін қамтамасыз ету жүйесі қалыптастырылды;
- тамақ өнімдеріне халықтың экономикалық қол жетімділігі, тұтастай алғанда халықтың кірістері деңгейімен қамтамасыз етілгенмен, облыстағы әлеуметтік топтар мен аумақтар бойынша біркелкі емес;
- азық-түлік импорты көлемінің өсуіне, оның сапа стандарттарына сәйкессіздігіне қарай азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі тұрақты емес.

Шаралар:

- жан басына шаққанда, сондай-ақ жынысы мен жасына қарай жекелеген топтарға орташа есептелген тамақ өнімінің бүкіл қажетті номенклатурасы бойынша тұтынудың ұлттық стандарттарын бекіту;
- халықтың кедейлік жағдайын жеңілдету үшін мыналар негізгі басымдықтар болуға тиіс: олардың даму деңгейін теңестіруге бағытталған аймақтық саясат жүргізу, экономика салаларының, оның ішінде ауыл шаруашылығының одан әрі экономикалық өсуін қамтамасыз ету, кедей халықтың (әсіресе ауылда) еңбек әулетін іске асыру үшін мемлекеттің жағдай жасауы, халықтың әлеуметтік осал топтарына әлеуметтік көмек көрсетудің атаулылығын күшейту;
- аудан әкімдері тұтынудың ұлттық стандарттарына негізделіп есептелген ең төменгі тұтыну себетінің мониторингін жүргізуі қажет;
- тамақтануға экономикалық қол жеткізу үшін халықтың барлық топтары кірістерінің деңгейін тұтынудың ұлттық стандарттары негізінде есептелген

тұтыну себеттерінің ең төменгі теңдестіруді қамтамасыз ету;

· тамақ өнімдерінің сапасын бақылау жүйесін әзірлеу және оны халықаралық стандарттара көшіру;

· азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мониторингін жүзеге асыру;

· индикативтік жоспарды әзірлеу кезінде азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізін құрайтын ауыл шаруашылығы өнімінің және оны қайта өңдеудің әрбір түрі бойынша өндірістің көрсеткіштерін есепке алу;

· отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және орында қолдаудың мемлекеттік саясатын жүргізу негізінде ішкі азық-түлік рыногының импортқа тәуелділігін төмендету жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

· негізгі тамақ өнімдерінің ішкі өндірісінің көлемін тұтыну стандарттарына сәйкес шекті мәннен кем болмайтындай етіп қамтамасыз ету.

## 3. Аграрлық сектордың бүгінгі жағдайына талдау

Жүргізілген реформалардың барысында облыста экономиканың аграрлық секторы құрылымында үлкен өзгерістер болды.

2002 жылғы 1 тамызына облыста 9803 агроқұрылым болған, оның 9553-шаруа қожалықтар, 154-жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, 80-өндірістік кооперативтер, 14-акционерлік қоғамдар және 2-мемлекеттік кәсіпорындар.

Реформалар арқасында, агроқұрылымдардың 4,4 млрд. теңге қарыздары 2 млрд. 491 млн. теңгеге (57%) азайды. Өткен 2001 жылды 240 агроқұрылымдардың 51-і (21%) 50,2 млн. теңге пайдамен аяқтады. Бұл көрсеткіш 2000 жылы 45,4 млн. теңге немесе 16% болатын.

Егіншілікте, 2002 жылы, 2001 жылмен салыстырғанда 60,9 мың гектарға ( 14%) егіс көлемі ұлғайтылды, оның ішінде күздік бидай көлемі 52 мың гектарға ( 26%) артты.

2001 жылы, 2000 жылмен салыстырғанда, жалпы өнім көкөністен 80,5 мың тоннаға, бақша дақылдарынан - 34,5, жүгері дәнінен - 24,9, картоптан - 18,8, қант қызылшасынан - 3,7, майлы дақылдардан - 1,1 мың тоннаға артып, әр гектардан алынған өнім бақша дақылдарынан 31,3 центнерге, көкөністен - 27,7, жүгері дәнінен - 9,0, картоптан - 4,7, майлы дақылдардан - 1,1 центнерге артық болды.

Масақты дәнді дақылдардың, әсіресе күздік бидайдың сорттарын жаңарту мен ауыстыруға үлкен мән беріледі. Оларды өндірумен 6 элитсемхоз шұғылданады.

Сонымен қатар, егіншілікте, өндіріс технологиясы мен агротехникалық тәсілдері сақталмайтынына байланысты, ауа-райы шарттарына тәуелділігі күшеюін, топырақтың құнарлығы төмендеуін айта кеткеніміз жөн, техника паркінің ескіруі, шаруашылықтардың энергия қуаттарымен жарақтандырылуы өте төмен болғандықтан, құнарлы жерлерді де толық көлемінде өңдеуге мүмкіншілігі жоқ, сондықтан олардың көп бөлігі пайдаланылмайды. 2001 жылы

облыс бойынша 314 мың гектар (39%) айдалмалы жер, оның ішінде 30,1 мың гектар (15%) суармалы жерлер пайдаланылмай қалған.

Мал шаруашылығында қол жеткен табыстар айтарлықтай. Мал басы мен өндірген мал шаруашылығы өнімдері жылдан жылға өсуде. 2001 жылы, 2000 жылмен салыстырғанда, мал шаруашылығы өнімдері 3%-тен 12% дейін көп өндірілген, мал басы 3-тен 14% дейін көбейген, жалпы мал өнімділігі артып, өлім-жітімі қысқарды.

2002 жылғы 1 тамызына, 2001 жылдың осы кезеңмен салыстырғанда, ет өндіру 6 %, сүт - 9, жұмыртқа - 11 % артты, мал басы, шошқа - 2 %, жылқы - 7, қой - 12, мүйізді ірі қара (МІҚ) - 11, құс - 6, түйе - 11 % өскен, қозы мен құлын 6 %, бота - 10, бұзау - 7 % көп алынып, малдың барлық түрлерінің өлім-жітімі 12 % -дан 91 %-а дейін қысқарды.

Селекциялық-асылдандыру жұмыстары жақсарып, асыл тұқымды зауыттармен қалыптастырғыштардың саны 27-ге жетті, оның ішінде сүт өндіретін шаруашылықтар - 6, биязы жүнді қой шаруашылықтар - 5, қаракөл шаруашылықтар - 4, етті - майлы қой шаруашылығы - 1, жылқы шаруашылықтар - 9, шошқа шаруашылығы - 1, түйе шаруашылығы - 1.

Облыста ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсатумен 364 шағын зауыттар шұғылданады, оның ішінде 83 диірмен, 120 нан зауыт, 45 шұжық цехтар, 17 - макарон, 18 - өсімдік майы шығаратын цехтар, 10 - сүт өңдейтін, 6 - жеміс пен көкөніс өңдейтін цехтар, 5 - шарап, 6 - сусындар мен кондитерлік тағамдарды өндіретін, 5 - мал сою, 10 - тон тігетін және 7 - қой терісі өңдейтін цехтар бар.

Қайта өңдеу кәсіпорындары 2001 жылы 23,2 мың тонна сүт өнімдерін, 27,5 мың тонна нан, 48,4 мың тонна ұн, 2,6 мың тонна макарон, 11,6 млн. литр спирт-арақ өнімдерін, 4,3 млн. литр алкогольсіз сусындарын, 1203 тонна шұжық, 1,1 млн. ТУБ көкөніс консервілерін және басқа да өнімдерін 15,3 млрд. теңгеге өндірді.

Ескертетін жағдай, статистика қызметінің есептерінде ұқсатылған өнімдердің жалпы көлемі 3 млрд. теңге деп көрсетілген.

## 4. Аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру

### 4.1. Жер қатынастарын дамыту ағымдағы жай-күйі:

Жер пайдалануға мемлекеттік актілер мен құқық беру құжаттарын дайындап беруде облыста жүйелі істер атқарылып келеді. 588,3 мың гектар көлемде арнайы жер қоры құрылды, оның 547,2 мың гектары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер. Селолық округтардың жерлері қоғамдық жерлерден бөлініп, оларға қосымша 46 мың га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер берілді. Айдалмалы жерден 157,3 мың гектар өнімі аз жер жайылымға ауыстырылды.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын реформалаудың нәтижесінде, өнімі аз

және сортаң жерлердің ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылуына байланысты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 1991 жылымен салыстырғанда 4,1 млн. гектарға немесе 2 еседен астам кеміді, сонымен бірге егістік жер 0,2 млн. гектарға азайды.

7-кесте

(млн. га)

| **Аудан аттары** | **1991 ж .** | | **1995 ж .** | | **2000 ж .** | | **2001 ж.** | | **1991 жылғ а қарағанда 2001 ж. өзгеріс (+, -)** | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **барлығы** | **ег іст ік жер** | **барлығы** | **ег іст ік жер** | **барлығы** | **ег іст ік жер** | **барлығы** | **ег іст ік жер** | **барлығы** | **ег іст ік жер** |
| Байзақ | 0,6 | 0,07 | 0,5 | 0,07 | 0,4 | 0,06 | 0,3 | 0,06 | -0,3 | -0,01 |
| Жамбыл | 0,6 | 0,07 | 0,5 | 0,07 | 0,4 | 0,06 | 0,4 | 0,06 | -0,2 | -0,01 |
| Жуалы | 0,4 | 0,11 | 0,3 | 0,11 | 0,3 | 0,11 | 0,3 | 0,10 | -0,1 | - |
| Қордай | 0,8 | 0,18 | 0,7 | 0,17 | 0,5 | 0,11 | 0,5 | 0,11 | -0,3 | -0,07 |
| Меркі | 0,7 | 0,12 | 0,7 | 0,11 | 0,7 | 0,10 | 0,7 | 0,10 | - | -0,02 |
| Мойынқұм | 2,9 | 0,01 | 2,9 | 0,01 | 1,9 | 0,01 | 1,8 | 0,01 | -1,1 | - |
| Сарысу | 2,3 | 0,05 | 2,3 | 0,02 | 1,3 | 0,02 | 1,0 | 0,02 | -1,3 | -0,03 |
| Талас | 1,2 | 0,03 | 1,2 | 0,03 | 0,8 | 0,03 | 0,6 | 0,03 | -0,4 | - |
| Т. Рысқұлов | 0,9 | 0,18 | 0,9 | 0,16 | 0,8 | 0,15 | 0,8 | 0,15 | -0,1 | -0,03 |
| Шу | 1,1 | 0,18 | 0,8 | 0,15 | 0,8 | 0,15 | 0,8 | 0,15 | -0,3 | -0,03 |
| **Жиынтығы** | 11,5 | 1,0 | 10,8 | 0,9 | 7,9 | 0,8 | 7,4 | 0,8 | -4,1 | -0,2 |

8-кесте

**2 001 жылдың 1 қарашасындағы Жамбыл облысы бойынша нақты арнайы жер қоры**

(мың га)

| **Аудандардың Аттары** | **Арнайы жер қорының нақты көлемі** | | |
|---|---|---|---|
| | **Барлығ ы** | **оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер** | **одан айдалмалы жер** |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Байзақ | 16,8 | 16,8 | 1,5 |
| Жамбыл | 11,2 | 10,5 | 1,4 |
| Жуалы | 19,3 | 18,4 | 2,6 |
| Қордай | 24,6 | 24,5 | 1,8 |
| Меркі | 15,3 | 15,0 | 6,7 |
| Мойынқұм | 67,0 | 59,2 | 1,2 |
| Сарысу | 167,9 | 148,1 | 0,5 |
| Талас | 62,5 | 59,8 | 1,0 |
| Т. Рысқұлов | 138,9 | 132,3 | 14,6 |
| Шу | 64,8 | 62,6 | 10,9 |
| **Жиынтығ ы** | **588,3** | **547,2** | **47,2** |

Проблемалар:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жеке меншіктің болмауы аграрлық секторда кепіл қатынастарының дамуын және күрделі қаржыны ұлғайтуды тежейтін факторлардың бірі болып табылады;

· тұрақты жер қатынастарының болмауы ірі және орта тауарлы ауыл шаруашылығы құрылымдарын дамытуға ынталандырмайды;

· топырақтың сапасын анықтайтын қазіргі заманға материалдардың болмауы нақты бағалауға және жер салығының көлемін саралауға мүмкіндік бермейді;

· топырақтың құнарлылығын арттыруға ынталандырудың, сондай-ақ топырақ құнарлылығының жай-күйін пәрменді қадағалаудың экономикалық тетігінің болмауы жер пайдаланушылардың жерді пайдалану жөніндегі жауапкершілігін төмендетеді.

Шаралар:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншікті енгізу жөніндегі заңнамалық акт дайындауға қатысу;

· ауыл шаруашылығы жерлерінің құнарлылығын сақтау және арттыру мақсатында жерді тиімді пайдаланбағаны үшін жауапкершілікті күшейту;

· жерді бөлудің қолданылып жүрген заңнамаға сәйкестігіне тексеріс жүргізу;

· жер телімдерінің бағалау құнын анықтаудың әдістемесін жетілдіру - барлық аймақтарда бонитетті бағалаудың 4 турын өткізу, ел экономикасының жай-күйін ескере отырып, топырақтың типтері мен ішкі типтерін капиталға айналдыру ставкасын саралау;

· жерді кепілге беру арқылы кредит берудің ипотекалық нысанын және кредит тетігі арқылы жер пайдалану құқығын пайдалана отырып аграрлық секторда қаржы-кредит қатынастарын жетілдіру.

Қаржымен қамтамасыз ету

9-кесте

(млн. теңге)

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| Бюджеттік бағдарламаның аттары | 2003 жыл республикалық бюджет | 2004 жыл республикалық бюджет | 2005 жыл республикалық бюджет |
|---|---|---|---|
| Топырақ құнарлылығын анықтау аумақтың бонитировкалау | 26 | 27 | 27 |
| Елді мекендердің картографиялық құжаттарын жасау | 67 | 67 | 66 |
| ДПГНПЦЗ-ның топырақ зерттеу зертханасын қайта қалпына келтіру | 15 | - | - |
| Топырақ құнарлылығының мониторингін жүргізу | 10 | 5 | 50 |
| ЖИЫНТЫҒЫ | 118 | 99 | 143 |

Күтілетін нәтижелер:

· Жерді нарықтық айналымға енгізу, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің несие ресурстарына қол жеткізуін ұлғайту, жердің пайдаланылуын жақсарту, салық салудың арнайы режимін сақтау.

4.2. Ауыл шаруашылығында су пайдаланудың тиімді жүйесін қалыптастыру

Суармалы жерлердің жай-күйі:

Суармалы жер қоры - 226,3 мың га. Барлық айдалмалы жердің 25%-ын құрап, өнімінің 75%-ынан астамын өндіруді қамтамасыз етеді. 1990 жылы ауыл шаруашылығы өндірісінде 249,3 мың га суармалы жер пайдаланылса, ал 2001 жылы накты 160,9 мың га жер суғарылды, ал 31,24 мың га егілмей қалды, қалған 34,14 мың га, сортаң жерлердің айналымнан шығарылуына, суару жүйелерінің ақауларына, ұйымдастыру іс-шараларының нашарлауына, ең алдымен, қаржылық және материалдық-техникалық ресурстардың болмауына байланысты пайдаланылмады.

10-кесте

**Қолда бар суармалы жерлер және олардың жай-күйі**

(мың. га)

| Аудан аттары | Қолда бар суармалы жер, барлығы | Оны»ішінде суғарылатыны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | оның ішінде | |
| | | | Тұқым себілген | Тұқым себілмейтін |
| Байзақ | 32,8 | 32,8 | 28,33 | 4,47 |
| Жамбыл | 44,29 | 44,3 | 40,73 | 3,56 |
| Жуалы | 10,12 | 10,12 | 10,12 | - |
| Қордай | 47,69 | 47,69 | 47,69 | - |
| Меркі | 20,81 | 20,81 | 20,81 | - |
| Мойынқұм | 9,53 | 9,53 | 5,46 | 4,07 |
| Т. Рысқұлов | 8,13 | 8,13 | 6,03 | 2,1 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сарысу | 4,94 | 4,94 | 3,94 | 1,0 |
| Талас | 13,44 | 13,44 | 4,95 | 8,49 |
| Шу | 34,54 | 34,54 | 26,99 | 7,55 |
| Жиынтығы | **226,3** | **226,3** | **195,05** | **31,24** |

**Пайдаланылмайтын суармалы жерлер**

| **Барлығы** | **оның ішінде, мынандай себептермен** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Суару жүйелері ақаулы** | **Суды» жоқтығы** | **Топырақты суландыру жағдайларының» нашарлауы** | **Қаржының жоқтығы** |
| | | | | |
| | | | | |
| 5,88 | - | - | - | 5,88 |
| 17,18 | - | - | - | 17,18 |
| 10,49 | 10,49 | | | |
| | | | | |
| 0,59 | - | - | - | 0,59 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| **34,14** | **10,49** | **-** | **-** | **23,65** |

Ескерту: Суармалы жер көлеміне:

- Жамбыл ауданына Тараз қаласының 6,26,мың га суармалы жері;
- Шу ауданына Шу қаласының 1,1 мың га суармалы жері кірген

Ауыл шаруашылығында су пайдалану проблемалары:

ауыл шаруашылығында су пайдалануды, жер суландыру құрылыстарына меншік қатынасын реттейтін заңнамалық базаның жоқтығы;

· су пайдалану ассоциацияларының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жасаған қызметінің тиімсіздігі;

· суды жеткізіп беру жөнінде көрсетілген қызметтердің құны қымбат болғандықтан облыстың шаруашылықтарда 71,8 млн. теңге көлемінде дебиторлық берешек қалыптасты, бұл ауыл шаруашылығында су пайдаланушылара қызмет көрсететін шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің залалды болуына себепші болады;

Жер суландыру құрылыстарының әбден тозығы жетуінің салдарынан жер суландыру жүйелерінің ПӘК-і нормативтік көрсеткіштен екі есе төмен.

Су пайдалану жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар:

· су пайдаланушылар бірлестіктерінің ұйымдастырылыуы және олардың жұмыс істеуі жөніндегі нормаларды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Су Кодексінің жаңа редакциясын әзірлеуге қатысу;

· шаруашылықаралық каналдар мен гидромелиоративтік құрылыстардың ерекше авариялық жағдайдағы телімдерін қалпына келтіру;

· Тараз қаласындағы "Казюжгидроводхоз" РМК ЖЗИ жобалау-зерттеу жұмыстарымен қамтамасыз ету;

· кадрлар даярлау жөніндегі мемлекеттік бағдарламада жыл сайын жалпы саны 20-25 адам шамасында су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының инженер-гидротехниктерін, инженер-құрылысшыларын даярлауды көздеу;

· 2006-2010 жылдарда 47,7 млрд теңгеге 65 мың га суармалы алқапты түбегейлі қалпына келтіру.

Қаржылық қамтамасыз ету:

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізіп беру жөнінде көрсетілетін қызметтер құнына субсидия беру;

· шаруашылықаралық каналдар мен гидромелиоративтік құрылыстардың ерекше авариялық жағдайдағы телімдерін қалпына келтіру;

· Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің "Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру" жобасы бойынша және Азия Даму Банкінің "Су ресурстарын басқару және жерлерді қалпына келтіру" жобасы бойынша қарыздар .

11-кесте

(млн. теңге)

| Бюджеттік бағдарламаның атауы * | 2003 жыл республика бюджеті | 2004 жыл республика бюджеті | 2005 жыл республика бюджеті |
|---|---|---|---|
| Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізіп беруде көрсететін қызметтер құнын субсидиялау | 87,12 | 97,4 | 98,0 |
| Шаруашылықаралық каналдар мен гидромелиоративтік құрылыстарды»ерекше авариялық жағдайдағы телімдерін қалпына келтіру | 52,5 | 210,0 | 70,0 |
| Ирригациялық және дренаждық жүйені жетілдіру | -- | 270,0 | 500,0 |
| Жиынтығы: | 139,62 | 577,4 | 668,0 |

* - қаржы көлемі жыл сайын нақтылануы мүмкін

Күтілетін нәтиже:

өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының рентабельділігін арттыру;

· суармалы жүйелердің пайдалы әсер коэффициентін 80%-а дейін арттыру;

· ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігін 25-30%-а дейін ұлғайту;

· ауыл шаруашылығында су пайдаланудың тиімді жүйесін және жер суландыру құрылыстарын пайдалану жөніндегі құрылымдарды дамыту;

· жұмыс орнын көбейту.

## 4.3. Өсімдік шаруашылығы

### Жалпы сипаттамасы

Атқарылған игі жұмыстардың нәтижесінде 2002 жылы 1998 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі ұлғайтылды: дәнді дақылдар барлығы дәндік жүгеріні қосқанда 44,9 мың гектарға, оның ішінде бидай 38,6 мың га, картоп 600 гектарға, көкөніс 500 гектарға ұлғайды.

12-кесте

**Өсімдік шаруашылығын дамытудың кейбір көрсеткіштерінің серпіні**

| Дақылдар | Жалпы өнім жинау, мың тонна | | |
|---|---|---|---|
| | Орта есеппен 1996-1998 жылдарда | Орта есеппен 1999 - 2001 жылдарда | 1996-1998 жылдарға % есебімен |
| Астық | 378,8 | 382,3 | 100,9 |
| Оның ішінде бидай | 239,2 | 253,5 | 105,9 |
| Қант қызылшасы | 73,4 | 51,8 | 70,6 |
| Күнбағыс | 0,7 | 2,2 | 31,4 |
| Картоп | 40,9 | 71,0 | 173,5 |
| Көкөніс | 106,0 | 212,9 | 2 есе |
| Бақша дақылдары | 22,6 | 74,5 | 3,3 есе |

| Тү с імділігі, ц/га | | |
|---|---|---|
| Орта есеппен 1996-1998 жылдарда | Орта есеппен 1999 - 2001 жылдарда | 1996-1998 жылдарға % есебімен |
| 10,6 | 12,5 | 117,9 |
| 10,3 | 11,7 | 113,3 |
| 134,3 | 176,8 | 131,6 |
| 3,2 | 4,9 | 153,1 |
| 90,2 | 142,3 | 157,8 |
| 94,6 | 123,9 | 130,9 |
| 52,7 | 122,6 | 2 есе |

Егіс алқаптарының құрылымын оңтайландыру

Ағымдағы жай-күйі

13-кесте

**Егіс алқаптарының құрылымы**

(мың. га)

| Дақылдар | 1996 ж. | 1999 ж. | 2000 ж. | 2001 ж . |
|---|---|---|---|---|
| Егіс алқабы, барлығы | 613,3 | 476,0 | 488,6 | 439,3 |
| Олардан дәнді дақылдар | 398,7 | 331,1 | 361,7 | 313,7 |
| оның ішінде бидай | 237,6 | 216,2 | 239,7 | 205,6 |
| арпа | 121,6 | 103,1 | 104,1 | 89,2 |
| сұлы | - | 0,1 | 0,2 | 0,2 |
| дәндік жүгері | 19,6 | 9,5 | 17,0 | 18,1 |
| тары | 0,1 | 0,5 | 0,5 | 0,3 |
| Қант қызылшасы | 10,2 | 4,1 | 4,5 | 3,5 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Майлы дақылдар | 25,8 | 11,5 | 13,7 | 12,4 |
| оның ішінде күнбағыс | 1,1 | 3,6 | 5,2 | 4,6 |
| қытайбұршақ | 24,1 | 7,5 | 6,7 | 6,6 |
| Жем-шөптік дақылдар | 162,3 | 102,3 | 80,5 | 77,8 |
| Жеміс-жидек екпелері | 4,8 | 4,2 | 2,8 | 2,5 |
| Жүзімдіктер | 1,7 | 0,8 | 1,0 | 1,0 |

Соңғы жылдардағы егіс алқаптарының құрылымын талдау егістіктің жалпы алқабы 1996 жылымен салыстырғанда 2001 жылы 174 мың гектарға қысқарғанын көрсетті. Бұл орайда ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы алқабындағы дәнді дақылдар алқабы 85 мың гектарға қысқарса, қант қызылшасының алқабы 6,7 мың гектарға, майлы дақылдар - 13,4 мың гектарға, жем-шөптік дақылдар 84,5 мың гектарға қысқарған.

Жеміс ағаштары мен жүзімдік екпелер алқабының азаю үрдісі сақталуда.

### 4.3.1. Астық өндіру

Облыстың өндірістік әлеуеті, табиғи-климаттық шарттары бидайдың тиімді сорттарын өндіруге жақсы мүмкіншіліктерді береді. Астық өндіру 2010 жылға дейінгі кезеңде аграрлық саясаттың басты назарында болады.

Күздік бидайды өндіру - егіншіліктің негізгі саласы болып табылады.

Осы саланың дамуына талдау жасап көрсек, 1991 жылғы күздік бидайдың егіс көлемі 364,7 мың гектардан, 2001 жылы 163,3 мың гектарға қысқартылып, 201,4 мың гектарды құрады. Үстіміздегі жылы оның егіс көлемі 52,0 гектарға ұлғайтылып, 253,4 мың гектарға дейін жеткізіледі. Егіс көлемінің қысқартылуы - құнарлығы төмен және өнімі аз жерлердің ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылуының, ауыл шаруашылығы құрылымдарының энергия қуаттарымен жарақтандырылу деңгейі төмендігі салдарынан орын алған. Бұл бекітілген жерлерді өңдеудің техникалық мүмкіншіліктерін шектеуге, тұқымдар мен жанар-жағармай дер кезінде сатып алуға қиыншылықтарды тудырған қаражат тапшылығына әкеліп соқты.

Бүгінде облыста күздік бидайдың 13 сорты өсіріледі: "Безостая-1" (1963 ж.), " Богарная-56" (1981 ж.), "Южная-12" (1985 ж.), "Жетісу" (1995 ж.), "Стекловидная -24" (1995 ж.). 2001 жылдан бастап, сынақтардың негізінде "Наз" сорты аудандастырылды.

Жаздық жұмсақ бидайдың 6 сорты зерделенуде. Облыс бойынша " Эритросперум-841" сорты аудандастырылған, оның орнына қазір жаңа сорттар өсіріледі. "Мирас" сорты аудандастыруға 2002 жылдан ұсынылды.

Облыста жаздық арпаның мына сорттары аудандастырылған: "Байшешек" ( 1985 ж.) - жемге арналған, "Арна" (1992) - сыра қайнатуға арналған.

Жүгері гибридтерінен облыста аудандастырылғандары: "Казахстанский-43 ТВ" (1976 ж.), "Казахстанский-700 СВ" (1993 ж.) - Қазақстанның селекциясынан,

сондай-ақ шетел селекциясынан - "ДК-636" (АҚШ), "Призма" (Швейцария). 2003 жылдан бастап Қазақстан - Югославия бірлескен селекциясының "Каз ЗП 77" гибриді аудандастырылуға ұсынылған.

2002 жылдан сояның (майбұршақ) сорт сынақтарынан қайтадан өткізіле бастады. Облыста "Эврика-357" (1998 ж.) сорты аудандастырылған.

Проблемалар:

· Дәнді дақылдардың, аймақтың топырақ-климат шарттарының және рынок конъюнктурасының ерекшеліктерін ескерілмей орналастыруы, ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақты және бәсекеге шыдамды жүргізуді қамтамасыз етпейді;

· ұсынылған ауыспалы егістер сақталмайды;

· ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлығы жекелеген аймақтарда төмендеп барады;

· мал азықтарды өндіру мәселелерге назар аудару жеткіліксіз болып тұр.

Шаралар:

· ауыл шаруашылығы дақылдардың тиімді түрлерінің (бұршақтұқымдас, жармалық дақылдар, жемдік дәнді дақылдар) егіс көлемін ұлғайту;

· тиімді, перспективалы дақылдар тұқымдарын өндіруді қолдау;

· дәнді дақылдарды қайта өңдеу кәсіпорындардың қуаттарын арттыру;

· мал және құс шаруашылығы бағытында арнаулы өндірістерді құру;

· 2005 жылы, 2002 жылмен салыстырғанда, күздік бидайдың егіс көлемін 4,1 мың гектарға ұлғайтып, бидайдың жалпы өнімін 303,7 мың гектарға дейін жеткізу.

Күтілетін нәтижелер:

· агроқұрылымдардың экономикасы нығайту, бәсекеге қабілетті өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру;

халықтың еңбекпен қамтылуы мен әл-ауқатын жоғарылату;

· астық өткізу проблемасын шешу, астық рыногын дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;

· 2005 жылға астық экспортын 50 мың тоннаға дейін жеткізу;

· ғылыми-негізделген ауыспалы егістерді игеру;

· мал шаруашылығының азықтық базасын күшейту;

Қаржылық қамтамасыз ету.

14-кесте

(млн. теңге)

| Бюджеттік бағдарламаны» аталуы | 2 0 0 3 жыл | |
|---|---|---|
| | республ. бюджет | Ж ерг іл ікт і бюджет |
| Негізгі және айналым қорларын толықтыруға несиелеу | | |

| | | |
|---|---|---|
| Дәнді дақылдар, жүгері, соя мен сорго сорттарын сынақтардан өткізу.<br>**Жиынтығы :** | 2 , 5<br>**2,5** | 31,2<br>**31,2** |

| **2004 жыл** | | **2005 жыл** | |
|---|---|---|---|
| **республ. бюджет** | **Ж ерг іл ікт і бюджет** | **республ. бюджет** | **жерг іл ікт і бюджет** |
| 2,5<br>**2,5** | 35,2<br>**35,2** | 2,5<br>**2,5** | 15,0<br>**15,0** |

Бұдан басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаттары қосылады.

### 4.3.2. Қызылша шаруашылығы

Қант қызылшасы 80-жылдардың аяғына дейін 42 мың гектар жерде өсіріліп, түсімділігі әр гектардан 297 центнерге дейін жеткен. Жалпы өнімі 1,25 млн. тоннаны құраған.

1992-2001 жылдары егіс көлемі 5 есеге кеміген, өткен жылы 3,54 мың гектарды құрап түсімділігі 102 центнерден аспады, жалпы 50,7 мың тонна өнім жиналды. Одан 3,9 мың тонна ақ қант өндірілді. Облыстағы 3 қант зауыттарынан біреу ана істеп тұр ("Қант" АҚ) ол да негізінен әкелінген қант шикізатын өңдеуге бағдарланған. Өзімізде өсірілген қызылшадан өндірілген қанттың өзіндік құны шетелдік қант шикізатынан өндірілген қанттан және ТМД елдерінен әкелінген дайын ақ қанттан едәуір жоғары.

Бір жылда қанттың жан басына шаққанда тұтыну стандарты 15,2 килограмнан есептегенде, облыстың қант қажеттілігі 15,0 мың тоннаны құрайды, ал 2001 жылы тек 5,6 мың тонна ғана өндірілген. Нәтижеде, импорт үшін, қант пайдалы тауарлардың бірі болып қалды.

Бұл проблеманың маңызды екенін ескеріп, облыста "Қант" бағдарламасы әзірленген, онда қант қызылша өнеркәсібін жандандыру жөнінде шаралар қарастырылған. Қант қызылшасының егіс көлемін 12 мың гектарға дейін, болашақта 15 мың гектарға дейін жеткізу, Меркі селосындағы қант зауыты (" Ойтал" АҚ) жұмысын қайта қалпына келтіру көзделген. Бұл шаралар қантты жылына 30-35 мың тоннаға дейін өндіруге мүмкіншілік беріп, облыс қажеттілігін ғана емес, республикамыздың басқа өңірлеріне өткізуді қамтамасыз етеді.

Қант қызылшасының мына сорттары мен гибридтері аудандастырылған: " Ялтушковская односеменная", "Ялтушковская-30" - Украинаның селекциясы, " КАЗ МС - 44" (1995 ж.) гибриді Қазақстанның селекциясы. Соңғы жылдары облыста шетелдік селекциясының мына гибридтер аудандастырылған: "Ризофорт ", "Ризор", "Атайр", "Амелия", "Авантаж", "Гольф", "Доротея", "Кива". Алайда, бұл гибридтердің алғашқы тұқымдастыруымен ешкім қазірше айналыспайды. Бұл гибридтердің "КАЗ МС-44" стандартынан әр гектардан орта есеппен 20-60 центнерге жоғары.

Проблемалар:

· қант қызылшасын өсіру технологиясы ескірген;

· техника тозған;

· Республика тұқым шаруашылығының жоқтығы;

· Шу және Меркі аудандарындағы қант зауыттарының банкроттыққа ұшырауы.

Шаралар:

· фабрикалық қант қызылшасы егіс көлемін 12 мың гектарға дейін ұлғайту;

· қант қызылшасын өсірудің ғылыми-негізделген ұсыныстарды әзірлеу;

· облыс қажеттілігін қамтамасыз ететін, Қазақстандық селекциядағы қант қызылшасының аудандастырылған сорттарын өсірудің тұқым шаруашылығын ұйымдастыру;

· сапасы мен бағасы бәсекеге шыдамды қант өндіруді қамтамасыз ететін, қолда бар машиналар мен жабдықтарды жетілдіру және жаңаларын сатып алу негізінде, Меркі ауданындағы қант зауыты ("Ойтал" АҚ) жұмысын қайта қалпына келтіру.

Күтілетін нәтижелер:

· қызылша шаруашылығын дамыту мәселесінің шешілуі, ақ қантты өндіруді жылда 30-35 мың тоннаға дейін жеткізу, қызылшаның 1 гектарына 2 жұмысшыдан есеппен қосымша 17 мың маусымдық жұмыс орнын ашудың арқасында ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту;

· қайта қалпына келтірілген Меркі қант зауытында қосымша жұмыс орындарын ашу;

· қант қызылшаның тұрақты өнім беруді қамтамасыз ететін, жер ресурстарын тиімді пайдалану, топырақтың құнарлығын сақталу және жоғарылату жөнінде, ғылыми-негізделген ұсыныстарды облыс үшін әзірлеу;

· тәтті түбірлерді өсірудегі шығыстарды азайтуға бағытталған қант қызылшасын өсіру үшін технологияларды, машиналарды және жабдықтарды әзірлеу;

· қант шығуын арттыру және оның сапасын жақсарту жөнінде ғылыми-негізделген ұсыныстарды әзірлеу.

Қаржылық қамтамасыз ету.

15-кесте

(млн. теңге)

| **Бюджеттік бағдарламаның аталуы** | **2 0 0 3 жыл** | |
|---|---|---|
| | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** |
| Негізгі және айналым қорларын толықтыру үшін несиелеу<br>Техникалық дақылдарды»сорттарын сынақтан өткізу<br>**ЖИЫНТЫҒЫ** : | 0,5<br>**0,5** | 10,0<br>**10,0** |

| **2 0 0 4 жыл** | | **2 0 0 5 жыл** | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| республ. бюджет | жергілікті бюджет | республ. бюджет | жергілікті бюджет |
|---|---|---|---|
| 0,5 | 11,0 | 0,5 | 5,0 |
| **0,5** | **11,0** | **0,5** | **5,0** |

Бұдан басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің құжаттары қосылады.

4.3.3. Картоп және көкөніс, бақша шаруашылықтары

Картоп, көкөніс және бақша дақылдарының егіс көлемдері 1991 жылғы 11,9 мың гектардан 2001 жылы 31,6 мың гектарға дейін (2,6 есеге) ұлғайтылып, жалпы өнімі 158,8 мың тоннадан 463,8 мың тоннаға дейін (2,9 есеге) өсті.

Картоптың облыс қажеттілігі 61,5 мың тоннаны құраса, өткен жылы 86,5 мың тоннасы өндірілген.

Көкөніс, бақша өнімдерінің қажеттілігі 54,4 мың тонна болса, былтыр 377,3 мың тоннасы өндірілген. Артық өндірілген өнім негізінен облыстан тыс жерлерге жіберіледі (экспорт - 31,5 мың тонна), сондай-ақ басқа тауарларға айырбасталады және қайта өңделеді.

Картоптың мына сорттары облыста аудандастырылған: "Прикульский ранний ", "Шортандинский", "Тамыр", 2003 жылдан бастап аудандастыруға "Жанайсан" сорты ұсынылды.

Пияздың - "Каратальский", "Мереке", "Арай" 2003 жылдан бастап аудандастыруға "Игілік" сорты ұсынылды. Томаттардың - "Новичок", " Лучезарный", "Меруерт", аудандастыруға "Нартай" сорты ұсынылды.

Проблемалар:

· өнімді өңдеу, сақтау және өткізу объектілердің жұмыстары нашар. Облыстағы жеміс-көкөністерді өңдейтін 6 цех, қуаты төмен болғандықтан, бұл проблеманы шеше алмайды.

Шаралар:

· маркетинг қызметтерінің, көтерме азық-түлік базарларының және көтерме-дайындау базалардың жұмысын жетілдіру, өкімді өңдейтін және сақтайтын кәсіпорындарының қуатын жоғарылату;

· картоптың егіс көлемін 6,0 мың гектарға дейін ұлғайту;

· облыстық тәжірибе стансасы мен Жуалы ауданының "Дархан" ШҚ базасында картоптың тұқым шаруашылығының элиталы тұқым қорларын құру көзделіп отыр.

Күтілетін нәтижелер:

· картоп өсіру бойынша арнаулы шаруашылықтардың жұмысын қалпына келтіру;

· дақылдардың түсімділігін арттыру;

· жұмыс орындарын көбейту;

· қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының қуатын күшейту.

Қаржылық қамтамасыз ету.

16-кесте

(млн. теңге)

| **Бюджеттік бағдарламаның аталуы** | **2 0 0 3 жыл** | |
|---|---|---|
| | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** |
| Негізгі және айналым қорларын толықтыру үшін несиелеу .<br>Көкөніс бақша дақылдары мен картопты»сорттарын сынақтан өткізу.<br>**ЖИЫНТЫҒЫ :** | 0,5<br>**0,5** | 10,0<br>**10,0** |

| **2 0 0 4 жыл** | | **2 0 0 5 жыл** | |
|---|---|---|---|
| **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** |
| 0,5<br>**0,5** | 10,0<br>**10,0** | 0,5<br>**0,5** | 5,0<br>**5,0** |

Бұдан басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаттары қосылады.

4.3.4. Майлы дақылдар

Соңғы жылдары облыс аймақтарында майлы дақылдардың егіс алқаптарын тиімді пайдалану жөнінде бірқатар шаралар қолданылды. Майлы дақылдардың егіс көлемі 1991 жылғы 4,1 мың гектардан 2001 жылы 11,6 мың гектарға дейін (2,8 есе) ұлғайтылды, ал өндірілген майлы дақылдардың тұқымы 1,7 мың тоннадан 4,9 мың тоннаға дейін (2,9 есеге), оның ішінде күнбағыс тұқымы 2,5 мың тоннаға дейін өсті.

2005 жылы майлы дақылдардың егіс көлемі 14,2 мың гектарға дейін, оның ішінде мақсары - 9,1 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланған.

Облыс тұрғындарының өсімдік майға қажеттілігі 8,4 мың тоннаны құрайды, 2001 жылы облыста 2,5 мың тонна өндірілген, сондай-ақ негізінен республикамыздың басқа облыстарынан (3,5 мың тонна) және шетелден (2,4 мың тонна) әкелінген.

2003 жылдан бастап облыстың аймақтарында 1670 гектар алқапта соя (майбұршақ) егілетіні жоспарлануда, ол үшін қазақтың егіншілік ғылыми-зерттеу институтында шығарылған соның перспективалы сорттары ("Казахстанская 2309", "Эврика 357", "Мисула 1092") пайдаланылады.

Проблемалар:

· тұқымдармен қамтамасыз етілуі жеткіліксіз (соя);
· ұсынылған ауыспалы егістер сақталмайды;
· техникалар әбден тозып, ескірген;
· несие ресурстары жетіспейді;
· инвестициялардың жоқтығы.

Шаралар:

· майлы дақылдардың егіс көлемін ұлғайту;

· майлы дақылдардың, әсіресе сояның тұқымын тиімді пайдалану жөнінде "VITA" ААҚ-мен бірге жұмыс атқару;

· соя өсірудің ғылыми-негізделген ұсыныстарды әзірлеу;

· майлы дақылдарды өндіруге инвестиция тарту;

· ең тиімді жобаларды несиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

· майлы дақылдардың түсімділігін әр гектардан 15 центнерге дейін арттыру;

· жұмыс орындарын көбейту;

· 2005 жылы майлы дақылдардың жалпы өнімі 21 мың тоннаға дейін өсу керек.

Қаржылық қамтамасыз ету.

17-кесте

(млн. теңге)

| Бюджеттік бағдарламаның аталуы | 2 0 0 3 жыл | | 2 0 0 4 жыл | | 2 0 0 5 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** |
| Негізгі және айналым қорларын толықтыру үшін несиелеу . | 0,4 | 5,0 | 0,4 | 5,0 | 0,5 | 1,8 |
| Майлы дақылдар сорттарын сынақтан өткізу | | | | | | |
| **ЖИЫНТЫҒЫ :** | **0,4** | **5,0** | **0,4** | **5,0** | **0,5** | **1,8** |

Бұдан басқа, инвестордың "VITA" ААҚ және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаттары қосылады.

### 4.3.5. Жеміс және жүзім шаруашылықтары

Жеміс-жидек және жүзім 2001 жылы 2484 гектар алқапта, оның ішінде 1875 гектарда - жеміс беруші, сүйектілер - 543 гектарда, жидектіктер - 132 гектарда, жүзім - 975 гектарда, оның ішінде жеміс беруші - 966 гектарда өсірілген. Алма мен алмұрттың жалпы өнімі - 3,6 мың тоннаны, сүйектілердің - 1,6 мың тоннаны, жидектің - 0,3 мың тоннаны, жүзімнің - 1,7 мың тоннаны құрады. Одан басқа, өткен жылы облысқа шекаралас ТМД мемлекеттерінен 2,0 мың тонна жеміс-жидек әкелінген. Баубақшалар мен жүзімдіктерді дамытуға қаражат бөлінбегендіктен, бүгін көне плантациялардың үлесі, нормативтің 20% орнына 80% құрап отыр.

Қазір алхорының (слива) - 10 сорты, өріктің - 11 сорты, алмұрттың - 16 сорты, алманың - 13 сорты, жүзімнің - 8 сорты сынақтан өткізілуде.

Проблемалар:

· көпжылдық ағаштар мен жүзімдіктерді қалпына келтіру және ұлғайту жөнінде жүргізіліп отырған жұмыстардың жеткіліксіздігіне байланысты қайта өңдейтін

кәсіпорындарда шикізаттар жетпейді;
· несиелік ресурстар жетпейді;
· салаға инвестициялар тартылмаған, жүзім-шарап саласының техникалық және технологиялық жағдайының деңгейі төмен, жабдықтары тозған;
· өндірістің тәуекелдігі мен банкілердің ставкалары жоғары болғандықтан, сондай-ақ кепілдік базаның жетіспегендігінен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің несие ресурстарды алуға мүмкіншіліктері аз;
· алғашқы шарап жасау кәсіпорындарының (шарап зауыттар мен цехтар) ауыр қаржылық жағдайы, бюджет және жеткізіп берушілердің алдында қарыздары.

Шаралар:

· жүзім шаруашылығы мен шарап жасау өндірісін дамыту жөнінде бағдарлама әзірлеу;
· селекциялық жаңа құнды сорттарының таза сортты егіс материалды өсіру бойынша жүзім питомниктерді қалпына келтіру;
· таза сортты жүзім және алғашқы шарап жасау өндірісіне инвестиция тарту: "Шайқорық", "Шахан", "Жасөркен", "Ақ арал" ЖШС-де жүзім шаруашылығы мен шарап жасау өндірісін қалпына келтіру және дамыту үшін қолайлы экономикалық шарттар жасау;
заңдардың негізінде ішкі рынокты шетелден заңсыз әкелінген өнімдерден қорғау;
· ең тиімді жобаларды несиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

· 2005 жылы жүзімді 3 мың тоннаға дейін өндірілуі көзделген, одан 190 мыңға жуық шарап материалдар жасалуы жоспарланған.

Қаржылық қамтамасыз ету:

Жүзімдіктің 1 гектарын егуге 1,2 млн. теңгелік капиталдық салымдар қажет, 69 гектар үшін 82,8 млн. теңге керек. Шығыстарды жүзімдіктер егілгеннен 4-5 жылдан кейін қайтаратынын ескерсек, осы соманың қомақты бөлігін тікелей инвестиция тарту жолмен, сондай-ақ, шаруашылықтардың өз қаражаттары, жергілікті және республикалық бюджеттердің есебінен қамтамасыз ету қажет.

18-кесте

(млн. теңге)

| **Бюджеттік бағдарламаның аталуы** | **2 0 0 3 жыл** | |
|---|---|---|
| | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** |
| Негізгі және айналым қорларын толықтыру үшін несиелеу . | - | 20,0 |
| Жеміс-жидек және жүзім сорттарын сынақтан өткізу | 0,61 | |
| **ЖИЫНТЫҒЫ:** | **0,61** | **20,0** |

| **2 0 0 4 жыл** | | **2 0 0 5 жыл** | |
|---|---|---|---|
| **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| -<br>0,61<br>**0,61** | 20,0<br>**20,0** | -<br>0,61<br>**0,61** | 7,0<br>**7,0** |

Бұдан басқа шаруашылық жүргізуші субъектердің қаражаттары қосылады.

4.3.6. Тұқым шаруашылығы

Өсімдік шаруашылығында жағдайды тұрақтандыруда және ауыл шаруашылығы дақылдардың өнімін арттыруда селекция мен тұқым шаруашылығын одан әрі жақсартуға үлкен мән беріледі. Дақылдардың вегетация мерзімі әртүрлі, жатып қалуға төзімді, жоғары өнімді, жақсы технологиялық сапалы сорттары өндіріске енгізілуде. Жоғары репродукциялы дәнді дақылдардың тұқымын өндірумен 6 арнайы шаруашылық шұғылданады. Осы шаруашылықтардың өндірістік әлеуеті облыс ауыл шаруашылығы құрылымдарын дәнді дақылдардың тұқыммен қамтамасыз етілуіне қол жеткізе алады. Майлы, бақша дақылдардың, көкөніс, картоп және қант қызылшасы тұқымы облыс сыртында сатып алынады.

Мемлекеттік сорт телімдерінде қазақтың егіншілік ғылыми-зерттеу институты селекциясының күздік бидайдың 15 сорты сынақтан өткізіліп жатыр. Олардың ішінде "Наз", "Сапалы", "Юбилейная-60", "Алмалы", олардан "Наз" сорты аудандастырылған.

Жаздық арпаның 5 сорты, жүгерінің 23 сорты мен гибриді, соргоның 6 сорты, қияр мен майлы дақылдардың 2 сорты, пияздың 4 сорты, картоп пен қызанның 5 сорты, жүзімнің 8 сорты, алхорының 10 сорты, өріктің 11 сорты, бүлдіргеннің 13 сорты, алмұрттың 16 сорты, алманың 20 сорты сынақтан өткізілуде.

Тұқым шаруашылығын жақсарту мәселелері бойынша қазақтың егіншілік ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп жұмыс жүргізіледі.

2002 жылға дейін ауыл шаруашылығы дақылдардың элиталы тұқымдарын өндіруі мен өткізуі және оларды субсидиялау, элиталы тұқымның нормативтік көлемі есепке алынбай, нақты сатылғаны бойынша жүргізілген.

Республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттарды тиімді пайдалану және элиталы тұқым шаруашылығын субсидиялау үшін, 2002 жылдың өнімінен бастап , элиталы-тұқым шаруашылықтарға күздік бидай, жаздық арпа және жүгерінің элиталы тұқымын сатуға квоталар бекітілген.

Элиталы - тұқым шаруашылықтары жыл сайын сорттары жаңарту үшін күздік бидайдың элиталы тұқымын керекті көлемінде өндіріп сатады. Бірақ, жаздық арпаның элиталы тұқымын және жүгерінің тұқымын өндіруі мен өткізуі қазірше жеткіліксіз болып тұр. Осы себептен 2002 жылдың өніміне жаздық арпаның егіс көлемінің 33,5% жаппай репродукциялы тұқыммен себілді.

Сорттарды жаңартуды жақсарту және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерді дәнді-дақылдардың жоғары репродукциялы тұқыммен қамтамасыз

ету үшін, тұқым шаруашылығы деген атағын растау үшін облыстың 17 шаруашылықтың құжаттары Ауыл шаруашылығы министрлігіне жіберілді:

Байзақ ауданы - "Достық" ШҚ, "Достық" ӨК;

Жамбыл ауданы - "Пионер" ӨК, "Шайқорық" ӨК;

Жуалы ауданы - "Күреңбел" ӨК, "Арна" ШҚ, "Орталық" ӨК;

Т. Рысқұлов ауданы - "Абай" ЖШС, "Жидек" ЖШС;

Меркі ауданы - "Сыпатай батыр" ЖШС, "Жылы бұлақ" АҚ, "Арна" ЖШС;

Мойынқұм ауданы - "Талапты" ШҚ;

Талас ауданы - "Көктал" ААҚ;

Шу ауданы - "Сауранбаев" ӨК, "Дулат - 8" ЖШС, "Бөлтірік" ӨК.

Облыста күздік бидайдың аудандастырылған және перспективалы мына сорттары өсіріледі: "Наз" - құрғақшылыққа жоғары төзімді, өте тәлімі жерлерде өнімділігі 35 центнерге жетеді, дәні - жоғары сапалы; "Алмалы" - сары және қоңыр тат ауруларға жоғары төзімді, өнімділігі 80 центнерге дейін жетеді. Мемлекеттік сорт сынақтарда, 25 сорттың ішінде, Қазақстан Республикасының күздік себетін аймақтарда өнімділігі жөнінен 1-ші орын алған. "Сапалы" сортының тәлімі жерлерде өнімділігі 40 центнерге дейін жетеді.

19-кесте

**Күздік бидайдың аудандастырылған сорттарының егіс көлемінің соңғы 5-6 жылдардағы динамикасы**

(мың. га)

| Сорт | 1997 ж. | 1998 ж. | 1999 ж. | 2000 ж. | 2001 ж. | 2002 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Безостая-1 | 80,0 | 60,4 | 51,0 | 91,6 | 54,5 | 34,7 |
| Стекловидная-24 | 50,2 | 94,0 | 116,0 | 90,4 | 111,5 | 174,3 |
| Богарная-56 | 74,8 | 48,1 | 49,0 | 40,0 | 28,8 | 31,5 |
| Жетісу | - | - | - | - | 2,5 | 3,0 |
| Наз | - | - | - | - | 0,6 | 0,3 |
| Алмалы | - | - | - | - | - | 0,2 |

Күздік бидайдың ең перспективалы сорттары бүгінгі күні - "Наз" мен " Алмалы", жаздық арпаның - "Байшешек" пен "Арна".

Ауыл шаруашылығы дақылдардың тұқым шаруашылығы мәселелері бүгінде өте маңызды. Селекция мен тұқым шаруашылықты дамытудың аймақтық бағдарлама жасалынып, тұқым шаруашылықтарын қайта жандандыру мәселелері бақылауда тұрады.

Тұқымдарды көбейту, өсіру, сақтау және басқа шаруашылықтарға өткізу кезінде, олардың себу және сорттық сапаларын төмендетуге жол бермеу керек.

Қордай ауданының "Қайнар" ААҚ мен "Сарыбұлақ" ААҚ жүгері тұқымын өндірумен шұғылданады. Бұл жұмыстарды жүргізу үшін, алғашқы материалдар

Қырғыз Республикасынан және Қазақ егіншілік институтынан алынады. Осы шаруашылықтар Қырғыз селекциясының "Ала-Тоо", "Шуский-62 ТВ" гибридтерімен жұмыс істеп айналысады.

Облыста сорттармен гибридтерді мемлекеттік сынақтан өткізу, ең перспективалы сорттар мен гибридтерді анықтаумен, ауыл шаруашылығы дақылдарды сорттық сынақтар жөнінде облыстық инспектура айналысады, оның құрамында 5 филиалы бар.

Проблемалар:

· заңнамалық базаның жетілдірілмеуі, бұл тұқым шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді;

· элиталық тұқым шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі және ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің бірегей тұқымдарын өндіруді қолдаудың жоқтығы. Соңғы жылдарда тек бидайдың элиталық тұқымдарын өндіруге ғана субсидия берілді, ал маңыздылығы олардан кем емес ауыл шаруашылығы дақылдары - жемдік дақылдардың, қант қызылшасының, көпжылдық шөптердің тұқымдарын өндіруге мүлде субсидия берілген жоқ. Бұл тұқым шаруашылығының одан әрі дамуына және элиталық тұқым шаруашылықтарының қалыптасуына жәрдемдеспейді;

тұқымдарды жаппай көбейтетін дәнді дақылдардан басқа тұқым шаруашылықтары желілерінің болмауы;

· элиталық-тұқым шаруашылықтарында тұқым тазартқыш техниканың тозығы жетуі;

· мемлекеттік сынаққа келіп түсетін ауыл шаруашылығы дақылдары сорттары көлемінің азаюы;

· қант қызылшасының, жекелеген көкөніс дақылдарының дербес тұқымдарының болмауы.

Тұқым шаруашылығын дамыту жөніндегі шаралар:

· элиталық-тұқым шаруашылықтарына бекітілген квота бойынша уақтылы субсидия бөлу;

· дәнді-дақылдардың, майлы дақылдардың, қозаның, қант қызылшасының, көкөніс және бақша дақылдарының, картоптың, көпжылдық және біржылдық шөптердің тұқым шаруашылығын дамыту;

· өсіп-өнуі жоғары тұқымдарды жаппай көбейтетін тұқым шаруашылықтары жүйесін қалпына келтіру жөнінде жағдай жасау (картоп бойынша - Жуалы ауданы, қант қызылшасынан - Меркі ауданы, майлы дақылдардан - Жамбыл ауданы, дәнді дақылдардан Талас, Сарысу, Мойынқұм аудандарынан басқа барлық аудан);

· жеміс ағаштары мен жүзімдіктер өсіретін көшеттіктерді қалпына келтіру;

· ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердегі тұқымның сапасына уақтылы

және білікті сараптама жүргізу, сапа жөнінен олардың қолданыстағы МЕМСТ-тарға сәйкестігін анықтау;

шетелдерден келетін сорттарды қоса алғанда, сорт сынағына келіп түсетін өсімдіктер сорттарының түр-түрін ұлғайту;

· кадрлар даярлау жөніндегі мемлекеттік бағдарламада селекционер-тұқымтанушы мамандарды даярлап шығаруды көздеу.

Қаржылық қамтамасыз ету:

Элиталық тұқым шаруашылықтарын сақтауға және дамытуға, элиталық тұқым шаруашылықтарының, мемлекеттік сорт сынайтын учаскелер мен станциялардың, мемлекеттік астық ресурстарының тұқымдық және егілетін материалдарының сорттық және егілу сапаларын, ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарының сыналуын анықтауға, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер тұқымдарының сапасын анықтауға республикалық бюджеттен қаражат бөлу.

20-кесте

(млн. теңге)

| **Бюджеттік бағдарламаның аталуы *** | **2 0 0 3 жыл** | | **2 0 0 4 жыл** | | **2 0 0 5 жыл** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** |
| Элиталық тұқым шаруашылықтарын сақтау және дамыту | 43,1 | | 43,1 | | 43,1 | |
| Ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарын сынау | 4,1 | | 4,2 | | 4,2 | |
| Элиталық тұқым шаруашылықтарының, тұқымдық және егілетін материалдарының сорттық және егілу сапаларын анықтау | 6,3 | | 6,4 | | 6,4 | |
| Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер тұқымдарының сапасын анықтау | 3,9 | | 4,0 | | 4,1 | |
| **БАРЛЫҒЫ :** | **57,4** | | **57,7** | | **57,8** | |

* - Қаржы көлемі жылма-жыл нақтылануы мүмкін.

Күтілетін нәтижелер:

· элиталық тұқымдар құнын 40%-а дейін арзандату есебінен оларға ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қол жеткізуі;

· элиталық тұқымның қажетті мөлшерін өндіруді қамтамасыз ететін көлемде бірегей тұқымдар өндірісін қамтамасыз ету;

· ауылдағы тауар өндірушілердің сорт ауыстыру мен сорт жаңартуды жүргізуі

үшін элиталық тұқымдармен толық көлемінде қамтамасыз ету;

өсімдіктердің тектік қорын сақтау мақсатында аттестатталған элиталық тұқым шаруашылықтарының қаржылық жағдайын жақсарту;

· қант қызылшасының, қозаның, картоптың, көпжылдық және біржылдық шөптердің тұқым шаруашылықтарын қалпына келтіру;

· ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарының неғұрлым өнімді және сапасы жөнінен бағалы сорттарын анықтау нәтижесінде өсімдік шаруашылығы өнімінің түсімділігін, сапасын және жалпы түсімін арттыру.

4.4. Ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету

Машина-трактор паркінің жай-күйін талдау:

1994 жылдан бері облыстың ауыл шаруашылығы саласына жаңа техника алынбады. Кейбір ілкімді жандармен, агролизинг арқылы алынған техника агроқұрылымдардың техникамен жарақтануына ықпал ете алмады.

Техниканың ескіруі, олардың санының азаюы ауыл шаруашылығы өндірісінің төмендеуіне әкеліп соқтыруда. Қазіргі бар 5,9 мың түрлі тракторлар, 1 мың астық комбайны, 2,9 мың жүк автомобилі агроөнеркәсіп кешендерінің сұранымын қамтамасыз ете алмайды. Соңғы жылдары "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" ЖАҚ және "Казагрофинанс" ЖАҚ арқылы 57 ДТ-75, 10 МТЗ-82 тракторлары, 4 СК-5 "Нива" комбайндары және түрлі техникалар 137,4 млн. теңгеге алынды.

Лизинг арқылы техника алудың шарттары қатаң болғандықтан, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің кез-келгенінің жағдайы көтермейді.

Облыстағы 26 машина-технологиялық станция сервистік қызмет көрсетіп келеді. Олардың күшімен өткен жылы 66,9 млн. теңгенің қызметі көрсетілді. Бұл МТС-терде де техника ескірген. 100 шаруа қожалығына 29 трактор, 9 жүк автомобилі, 11 соқа, 10 дән сепкіштен келеді, көріп отырғандай шаруа қожалықтарының көпшілігінде техника жоқтықтан МТС жұмысынан көмек сұрайды.

21-кесте

**Негізгі ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу**

| N | Атауы | Барлығы (дана.) | оның ішінде жылдар бойынша | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 1991 | 1992 | 1993 | 1994 | 1995 | 1996 | 1997 |
| 1 | Тракторлар | 2002 | 745 | 632 | 371 | 136 | 53 | 45 | 5 |
| 2 | Астық жинайтын комбайндар | 444 | 185 | 143 | 66 | 48 | 2 | - | - |
| 3 | Дестелегіштер | 20 | 7 | 3 | 4 | 3 | 3 | - | - |
| 4 | Жем-шөп комбайндары | 83 | 31 | 24 | 14 | 6 | 8 | - | - |
| 5 | Жүк автомобилдері | 1561 | 480 | 388 | 436 | 145 | 67 | 38 | 4 |
| 6 | Трактор тіркемелері | 845 | 310 | 270 | 196 | 32 | 26 | 6 | 5 |
| 7 | Қопсытқыштар | 189 | 52 | 41 | 32 | 41 | 14 | 6 | 3 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | Дән сепкіштер | 222 | 68 | 56 | 31 | 36 | 19 | 7 | 5 |
| 9 | Соқалар | 701 | 210 | 187 | 141 | 41 | 68 | 36 | 15 |
| 10 | Тісті тырмалар | 1657 | 610 | 433 | 376 | 91 | 59 | 48 | 40 |
| 11 | Шөп шапқыш | 315 | 97 | 91 | 75 | 35 | 14 | 3 | - |
| 12 | Тайлағыш | 152 | 65 | 51 | 19 | 6 | 2 | 3 | 3 |
| 13 | Мая салғыш | 55 | 25 | 13 | 11 | 3 | 3 | - | - |
| 14 | Тұқым дәрілегіш | 34 | 16 | 13 | 5 | - | - | - | - |
| 15 | Дән толтырғыш | 9 | 6 | 2 | 1 | - | - | - | - |
| 16 | Бәріккіш | 25 | 8 | 3 | 5 | 4 | 3 | 1 | 1 |
| 17 | Жүгері комбайны | 31 | 12 | 10 | 9 | - | - | - | - |
| 18 | Қызылша комбайны | 24 | 11 | 9 | 3 | 1 | - | - | - |
| 19 | Картоп жинағыш комбайн | 16 | 3 | 4 | 5 | 2 | 2 | - | - |
| 20 | Суару машиналары | 21 | 11 | 6 | 4 | - | - | - | - |

| оның ішінде жылдар бойынша | | | |
|---|---|---|---|
| 1998 | 1999 | 2000 | 2001 |
| 4 | 4 | - | 7 |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| 3 | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| 3 | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |
| - | - | - | - |

22-кесте

## Қолда бар тракторлар мен астық комбайндар

| **Жылдар / Атауы** | **1991** | **1992** | **1993** | **1994** | **1995** | **1996** | **1997** | **1998** | **1999** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тракторлар, барлығы | 8555 | 8255 | 8425 | 7939 | 7451 | 6555 | 5698 | 4865 | 6136 |
| Астық жинайтын комбайндар | 2183 | 2046 | 1955 | 1767 | 1656 | 1455 | 1289 | 1245 | 1059 |

| 2000 | 2001 |
|---|---|
| 5939 | 5844 |
| 1069 | 1114 |

Проблемалар:

· машина-трактор паркінің тозығы жетуі 90-95%-ға жетті және толығымен ауыстыруды қажет етеді;

· ұсақ және орта ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің саны көп болуы, олар техникасы болмағандықтан өздерінің ауыл шаруашылығы жерлерін өз бетінше өңдей алмайды;

· ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің төлем қабілетінің төмендігі және өтімді кепілге салатын мүлкінің болмауы қажетті техника сатып алуына және екінші деңгейдегі банктердің кредит ресурстарын алуына мүмкіндік бермейді;

· сервис орталықтары мен машина-технологиялық станциялардың (МТС) техникамен де, құрал-жабдықтармен де толық жасақталмағандығынан олар көрсететін қызметтердің деңгейі төмен.

Шаралар:

· ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге кейіннен лизингке беру үшін отандық және шетелдік техника мен қосалқы бөлшектер сатып алуға кредит беру қызметтерінің бастапқы кезеңінде мемлекеттік құрылымдардың қатысуымен кейіннен мемлекеттің үлесін бәсекелес секторға сатып, сервис орталықтар мен МТС-тің тиімді нысандарын құру жөніндегі пилоттық жобаларды әзірлеу және іске асыру;

· ауыл шаруашылығы қызметін жасайтын, техникаларды жөндеумен, сатумен оларды қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ететін сервис орталықтарын құру;

· "Запчасть", "Авторемонтный завод" АҚ зауыттарында ауыл шаруашылығы техникаларын (тракторлар, комбайндар) қайта жабдықтау, ауыл шаруашылық машиналарына қосалқы бөлшектер және инелі тырмалар шығаруды ұйымдастыру.

Қаржылық қамтамасыз ету.

23-кесте

(млн. теңге)

| Бюджеттік бағдарламаны»атауы * | 2003 жыл | |
|---|---|---|
| | республ. бюджет | жергілікті бюджет |
| Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету осындай сервис орталықтармен МТС құру*.<br>Ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол құрылысы техникасын мемлекеттік тіркеу | 23,4<br>- -<br>1,5 | |

| | | |
|---|---|---|
| **ЖИЫНТЫҒЫ :** | **24,9** | |

| **2 0 0 4 жыл** | | **2 0 0 5 жыл** | |
|---|---|---|---|
| **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** |
| 40,0<br>200,0<br>1,6<br>**241,6** | | 59,5<br>--<br>1,7<br>**61,2** | |

* - қаржы көлемі жылма-жыл нақтылануы мүмкін.

· облыста сервис орталығын құруға 385 млн. теңге қажет, "КазАгроФинанс" ААҚ жүйесінен (бірінші жыл 20% (100 млн. теңге), ал келесі 2 жылда 58 млн. теңгеден бөлгенде бұл істі іске асыруға болар еді, бұл мақсатқа қаржы болмағандықтан ештеңе қаралған жоқ.

Күтілетін нәтижелер:

· қолда бар машина-трактор паркін жаңарту;

· отандық трактор жасауды және ауыл шаруашылығы техникасын, қосалқы бөлшектер шығаруды қолдау;

· 2003 жылы облыстың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне, әсіресе ұсақ шаруа құрылымдарына егістікті өңдеу, күту, егін жинау мен ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша тиімді сервистік қызметтер көрсететін сервис орталығын құру;

· ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын ішінара жақсарту;

· сервис орталықтары мен МТС-тар көрсететін қызметтерді ұлғайту және жақсарту;

· ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіру тиімділігін арттыру;

· жұмыс орындарын 2003 жылы 35-ке, 2004 жылы - 60-қа, 2005 жылы - 98-ге көбейту;

· ауыл шаруашылығы құрылымдары кірістерінің өсуі.

4.5. Ауыл шаруашылығы машинасын жасауды дамытудың негізгі бағыттары

Қазіргі жай-күйі:

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің төлем қабілетінің жоқтығына орай және осыған байланысты сұраныстың болмауынан ауыл шаруашылығы техникасын шығаратын кәсіпорындар өндірілетін өнімінің номенклатурасын әртараптандырды және соның нәтижесінде қазіргі уақытта тек ауыл шаруашылығы техникасын шығаруға ғана маманданған кәсіпорындар іс жүзінде жоқ.

Бүгінгі күнде облыста ауыл шаруашылығы техникалары мен қосалқы бөлшектер шығаруға бағдарланаған 9 кәсіпорындарда ауыл шаруашылығы

мақсатындағы өнімнің 30 түрін шығарады. Сонымен қатар ЯМЗ-238, ЯМЗ-240 двигательдерін жөндеу "Кировец" тракторларын, двигательдердің барлық түрін жөндеу, автомашиналарды, астық және жүгері комбайндарын күрделі жөндеу жұмыстарын атқарады.

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасайтын өндірістік кәсіпорындардың тізімі:

1. "Запчасть" АҚ
2. "Авторемонтный завод" "Тараз-Дизель" ААҚ
3. "Жуалынская агропромтехника" АҚ
4. "Аса агропромтехника" АҚ
5. "Коммунмаш" (өртсөндіргіш) АҚ
6. "Бектемби" (ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеу) АҚ
7. "Шеберхана" (ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеу) АҚ
8. "Куланский РМЗ" ЖШС
9. "Интеграция Кордай" ЖШС (ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеу)

Проблемалар:

· астық жинайтын комбайндар мен доңғалақты тракторлар шығаруда өз өндірісіміздің болмауы;

· ауыл шаруашылығы техникасының отандық маркаларының бәсекеге жарамдылығының төмендігі;

· отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасаушылардың жиынтықтау түзілімдері мен бөлшектері жөнінен шетелдік жеткізіп берушілерге тәуелді болуы;

· отандық зауыттардың қажетті айналым қаражаттарының болмауы және олардың міндетті төлемдер бойынша қарыздарының болуы;

· ауыл шаруашылығы машиналарын жасауда орта буын кадрлардың жетіспеуі;

· жаңа ауыл шаруашылығы техникасын әзірлеу мен енгізу жөніндегі мамандандырылған отандық ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық ұйымдардың болмауы;

· өндірілген өнімді сату жөніндегі ұйымдастырылған дилер желілерінің болмауы;

· ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарының өндірген өнімі жөнінде қажетті жарнамалық ақпараттың болмауы.

Шаралар:

· Негізгі ауыл шаруашылығы жұмыстарының оңтайлы мерзімдерде орындалуын, ауыл шаруашылығы өнімінің сақталуы мен өңделуін қамтамасыз ететін, тиімділігі жоғары ауыл шаруашылығы техникасын, құрал-жабдықтар мен қосалқы бөлшектер өндірісін дамыту;

· машина жасау кәсіпорындары бойынша мәліметтер базасын қалпына келтіру

және қалыптастыру, оны ақпараттық-маркетингтік жүйесіне орналастыру;
· эксперименттік және жобалау-конструкторлық жұмысты ұйымдастыруға көмек көрсету;
· ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарының өндірістік кооперациясын ұйымдастыру және оған сатуға көмек көрсету;
· кәсіптік-техникалық лицейлер (КТЛ) мен орта арнаулы оқу мекемелерінде кадрлар даярлауды ұлғайту мәселесін пысықтау;
· жаңа ауыл шаруашылығы техникасын әзірлеуге және оларды енгізуге бағытталған ғылыми-зерттеу және инновациялық бағдарламалар мен жобаларды іске асыру

Қаржылық қамтамасыз ету.

24-кесте

(млн. теңге)

| | 2003 жыл | |
|---|---|---|
| | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** |
| Ауыл шаруашылығы техникаларын, қондырғыларды, қосалқы бөлшектер алуды несиелеу | - | - |
| **ЖИЫНТЫҒЫ** | **-** | **-** |

| **2004 жыл** | | **2005 жыл** | |
|---|---|---|---|
| **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** |
| - | 20,0 | - | 20,0 |
| **-** | **20,0** | **-** | **20,0** |

Қаржы көлемі жылма-жыл нақтылануы мүмкін.

Орындалуынан күтілетін нәтижелер:

· ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарының кооперациясын іске асырудың негізінде облыста техника мен құрал-жабдықтар өндірісінің тиімді кешенін қалыптастыру;
· облыстың 6 ауданында тұқым себу және егін жинау техникалары үшін, сондай-ақ жем-шөп өндіруге және ауыл шаруашылығы өнімін бастапқы өңдеуге арналған аса тапшы қосалқы бөлшектер шығаратын өнеркәсіптік кәсіпорындар іске қосылады;
· жаңадан жұмыс орындарын құру.

## 4.6. Өсімдіктерді қорғау және карантин

### 4.6.1. Өсімдіктерді қорғау

Қазіргі жай-күйі:

Облыста ауыл шаруашылығы дақылдарына 35-ке тарта түрдегі қорек таламайтын және бейімделген ерекше зиянкестердің 70-тен аса түрі, аурудың 50-ден аса түрлері және 105-ке жуық арамшөп түрлері залал келтіруде. Шегіртке

зиянкестерін қоспағанда, аса қауіпті зиянкестер мен аурулардың таралуы бойынша фитосанитариялық жағдай күрделі деп бағаланады. Фитосанитариялық жағдайдың нашарлауының негізгі себептері мыналар болып табылады:

- құнсыз жерлер мен өңделмеген егістердің көбеюі;
- ауыл шаруашылығы дақылдарының егіп өсіру технологиясының сақталмауы;
- қорғау іс-шараларының бүкіл кешенінің орындалмауы;
- бюджеттің және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қаржылық мүмкіндіктерінің шектеулі болуы.

25-кесте

**Ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының таралуы және 1998-2002 жылдарда оларға қарсы күрес жүргізу жөніндегі мәліметтер**

| **Аса қауіпті зиянкестер мен аурулардың атауы** | **Өңделуге тиіс және нақты өңделген аландар, мың га** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **1998 ж .** | | **1999 ж .** | | **2000 ж .** | |
| | **Өңделуге тиіс болғаны** | **нақты өңделгені** | **Өңделуге тиіс болғаны** | **нақты өңделгені** | **Өңделуге тиіс болғаны** | **нақты өңделгені** |
| Шегіртке | 31,6 | 29,6 | 54,2 | 14,5 | 112,5 | 112,5 |
| Астық бақашығы | 3,0 | | 2,5 | | 1,3 | |
| Колорада қоңызы | 1,6 | 1,4 | 2,1 | 2,1 | 1,3 | 4,2 |
| Астық барылдауық қоңызы | 1,1 | 0,23 | 5,7 | 2,7 | 3,5 | 2,5 |
| Астық қоңызы | 14,1 | | 11,4 | | 16,1 | |
| Өрмекші кене | 1,2 | 0,1 | 1,5 | | 0,2 | |
| Тот және септориоз | 0,2 | | 1,5 | | 1,6 | |

| **2000 ж .** | | **2001 ж .** | | **таралуды» 2002 жылға арнал-ған болжамдары** |
|---|---|---|---|---|
| **Өңделуге тиіс болғаны** | **нақты өңделгені** | **Өңделуге тиіс болғаны** | **нақты өңделгені** | |
| 112,5 | 112,5 | 127,38 | 127,38 | 63,1 |
| 1,3 | | 9,0 | | 46,5 |
| 1,3 | 4,2 | 0,7 | 5,9 | 6,5 |
| 3,5 | 2,5 | 5,5 | 2,7 | 7,6 |
| 16,1 | | 2,0 | 0,1 | 0,3 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 0,2 | | 0,5 | 0,2 | 7,0 |
| 1,6 | | | | 25,0 |

Проблемалар:

· республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінген қаражат көлемі жеткіліксіз болғандықтан зиянкестермен және аса қауіпті зиянкестерге қарсы күрес толық көлемде жүргізілмеді, бұл фитосанитариялық жағдайдың нашарлауына әкеп соқпақ;

· тиісті қаржыландырудың болмауынан және фитосанитариялық диагноз қоюмен болжау қызметінің жүргізілмеуінен басқа да өсімдіктер зиянкестерінің ауруларының және арамшөптердің көбеюі мен таралуына іс жүзінде мониторинг жүргізілмейді;

· зиянкестердің, өсімдіктердің ауруларының және арамшөптердің көбеюі мен таралуына жүйелі мониторинг жүргізетін құрылым жоқ.

Шаралар:

· барлық өсімдіктер зиянкестерінің, ауруларының және арамшөптердің көбеюі мен таралуын бақылауды, есебін жүргізуді және болжауды жүзеге асыру үшін облыста және аудандарда болжау пункттері бар фитосанитариялық диагностика әдістемелік орталығын құру;

аса қауіпті өсімдіктер зиянкестері мен ауруларын анықтауға арналған фитосанитариялық бақылаудың объектілерін қажетті зерттеуді жүзеге асыру;

аса қауіпті өсімдіктер зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларының бүкіл кешенін толық көлемде жүргізу;

· өсімдік қорғау мамандардың біліктілігін арттыру.

Қаржылық қамтамасыз ету

Өсімдік қорғау саласындағы бағдарламаның орындалуы үшін қаражат бөлу.

26-кесте

| **N** | **Іс-шараның аталуы** | **2003** | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **көлемі , млн. га** | **С о ма сы , млн. теңге** | |
| | | | **респуб. бюджет** | **жергі . бюджет** |
| 1. | Фитосанитариялық диагностика мен болжауды » Республикалық орталығының облыстық, аудандық филиалдарын құру | | 17,3 | |
| 2. | Аса қауіпті зиянкестер мен ауруларды анықтауға арналған зерттеулер жүргізу | 1,0 | 4,4 | |
| 3. | Аса қауіпті зиянкестер мен ауруларға қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру | 0,12 | 124,6 | |
| | **Өсімдік қорғау бойынша жиынтығы** | **0,12** | **146,3** | |

| **2004** | | | **2005** | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **көлемі, млн . га** | **С о ма сы , млн. теңге** | | **көлемі, млн. га** | **С о ма сы , млн. теңге** | |
| | **респуб. бюджет** | **жергі . бюджет** | | **респуб. бюджет** | **жергі . бюджет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 8,2 | | | 8,2 | |
| 1,3 | 4,7 | | 1,3 | 4,7 | |
| 0,11 | 134,1 | | 0,11 | 136,0 | |
| **1,41** | **147,0** | | **1,41** | **148,9** | |

Бөлінетін қаржының көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын республикалық бюджет комиссиясы қарауының нәтижелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен нақтылану мүмкін.

Күтілетін нәтижелер:

· өсімдік қорғау және карантин саласындағы бағдарламаны іске асыру:

- аса қауіпті зиянкестер мен аурулар таралатын алаңдардың одан әрі ұлғаюын болдырмауға;
- аса қауіпті зиянкестер мен аурулар келтіретін залалды шаруашылық тұрғысынан байқалмайтындай деңгейге дейін азайтуға;
- облыс аумағында қолайлы фитосанитариялық жағдай жасауға;
- өсімдік қорғау қызметінің оңтайлы құрылымын жасауға мүмкіндік береді.

4.6.2. Өсімдіктер карантині

Қазіргі жай-күйі.

27-кесте

**Облыс аумағындағы карантиндік объектілердің саны мен таралатын алаңдары жөніндегі мәліметтер**

| **Карантиндік арамшөптер** | **Алаңы мың га** | **Карантин дік зиянкестер** | **Алаңы , мың . га** |
|---|---|---|---|
| Жатаған укекіре | 814 | Шығыс жеміс жемірі | 0,09 |
| Тікенекті | 0,14 | Калифорниялық сымыр | 0,09 |
| Арамшырмауықтар | 52,3 | Колорада қоңызы | 4,8 |

Әкелінетін карантинге жатқызылған объектілердің көлемі ұлғайып барады, жыл сайын әлемдегі 20-дан астам елден карантиндік объектілердің еніп кетуі қаупін туғызатын карантинге жатқызылған материал келіп түседі. Осыған байланысты өнім импорттайтын көптеген елдерде карантиндік жағдай шиеленісуде.

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес карантиндік объектілерді оқшаулау және жою жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2000-2001 жылдарда карантиндік объектілерге қарсы күреске бюджеттен қаражат бөлінген жоқ. 2002 жылы көрсетілген мақсаттарға республикалық бюджеттен 2,3 млн. теңге бөлінді, ол 340 га алқапта карантиндік объектілерге қарсы, 35378 га алқапта карантиндік объектілерге қарсы іс-шаралар жүргізуге мүмкіндіктер береді. Бұл шаралар алда да жүргізіле береді.

Карантинге жатқызылған өнімді шекарада бастапқы тексеруден өткізуді,

сондай-ақ үш шақырымдық аймақты зерттеуді шекара пункттері мен бекеттерінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

Карантинге жатқызылған өнімнің келіп түскен орнында екінші рет тексеруден өткізуді және карантиндік объектілерді анықтауды, оларды әкеткенде тексеруді және сараптауды, сондай-ақ карантиндік объектілердің көбеюі мен таралуына мониторингті министрліктің тиісті аумақтық басқармаларының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

Карантиндік объектілерді анықтау үшін аумақтарға зерттеу жүргізуді, карантиндік объектілердің көбеюі мен таралуына мониторингті "Фитосанитария" республикалық мемлекеттік кәсіпорны жүзеге асырады.

Химиялық өңдеуді ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өздері және келісім-шарт негізінде бәсекелес ортада өңдеу бойынша қызметтер көрсететін орындаушы фирмалар атқарады.

Карантинге жатқызылған өнімнің үлгілеріне талдау және сараптама жүргізуді, сондай-ақ объектілердің карантиндік түрлерге тиесілген растауды, егілетін, тұқымды импорттық материалдың карантиндік объектілермен көмескі залалдануын анықтауды "Республикалық карантиндік зертхана" мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Жеміс-жидек дақылдарының республикалық жерсіндіру-карантиндік көшеттігі" мемлекеттік мекемелері жүргізеді.

Проблемалар:

шекаралық фитосанитариялық пункттер мен постылар өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторлармен толықтырылмаған. Қосымша барлығы 13 бірлік қажет;

· облыстық, қалалық, аудандық аумақтық басқармалардың өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторларының, сондай-ақ шекаралық фитосанитариялық пункттер мен постылардың материалдық-техникалық жарақтандырылуы нашар;

өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың өсімдіктер карантині саласындағы халықаралық нормалар мен стандарттара сай әдістемелік, анықтамалық-ақпараттық әдебиетпен, карантиндік объектілер жөніндегі әдістемелермен қамтамасыз етілуі жеткіліксіз, карантиндік объектілердің таралуындағы өзгерістер туралы ақпарат жоқ;

карантиндік объектілерді оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру өте мардымсыз.

Шаралар:

шекара мен транспорттағы фитосанитариялық пункттері мен постыларын өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторлармен толықтыруды аяқтау. Олардың материалдық-техникалық жарақтандырылуын нығайту;

· өсімдіктер карантині бойынша әдіснама және кәсіби дамыту орталығын құру;
· оқу орындарында, мамандандырылған ғылыми-зерттеу мекемелерінде және карантиндік зертханаларда өсімдіктер карантині бойынша мамандардың біліктілігін көтеру және оқыту;
· карантиндік объектілерге қарсы күрес үшін республикалық бюджеттен жыл сайын қажетті көлемде қаражат бөлу;
· бюджет қаражаты есебінен карантиндік объектілердің көбеюі мен таралуына мониторинг жүргізу, оларды оқшаулау және жою.

Қаржылық қамтамасыз ету:

Өсімдіктер карантині саласындағы бағдарламаның орындалуы үшін 2003-2005 жылдарда республикалық бюджеттен 180,08 млн. теңге сомасында қаражат бөлінуі қажет.

28-кесте

| № | Іс-шаралардың атауы * | Қажетті сома, млн. теңге<br>2003 ж .<br>Республика лық бюджет |
|---|---|---|
| 1. | АШМ-нің облыстық аумақтық басқармасында өсімдіктер карантині бойынша бөлім құру, жұмыс істеп тұрған ветеринарлық-фитосанитарлық постыларды, аудандық, қалалық аумақтық басқармаларында өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторлармен толықтыру. | 7,76 |
| 2. | Облыста интродукциялық-карантиндік дәнді дақылдар жөніндегі күшеттік құру | 3,85 |
| 3. | Материалды-техникалық жарақтандыру | 1,54 |
| 4. | Карантинді объектілердің ошағын жою жөніндегі шараларды жүргізу | 25,4 |
| 5. | Шекаралық фитосанитариялық пункттер мен өсімдік карантині жөніндегі постылар үшін арнайы қондырғылар, орг.техника тағы басқа құралдар сатып алу. | 32,7 |
| | **Жиынтығы** | **71,25** |

| Қажетті сома, млн. теңге | |
|---|---|
| **2 0 0 4 ж .** | **2 0 0 5 ж .** |
| **Республика лық бюджет** | **Республика лық бюджет** |
| 13,19 | 13,19 |
| 3,9 | 4,65 |
| 2,45 | 2,45 |
| 31,5 | 37,5 |
| -- | -- |
| **51,04** | **57,79** |

* - Қаржы көлемі тиісті қаржылық жылға карантиндік объектілердің таралу дәрежесіне сай нақтыландырылып отырады.

Күтілетін нәтижелер:

· облыс аумағында карантиндік объектілер бойынша қолайлы фитосанитариялық жағдай жасау;
· өсімдіктер карантині жөніндегі халықаралық міндеттемелер мен келісімдердің орындалуын қамтамасыз ету;
· облыс аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру;
аграрлық азық-түлік қауіпсіздігін, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігі мен сыртқы рынокқа еркін шығуын қамтамасыз ету.

## 4.7. Мал шаруашылығы

### Жалпы сипаттама:

Облыстың аграрлық секторында мал шаруашылығының алатын орны қомақты. Кең жайылымдары, қолайлы климаттық шарттары осы маңызды саланың дамуына жақсы мүмкіншілік береді. Алайда, бұрынғы өндіріс байланыстары күйреуі, бағалардың диспаритеті, қайта өңдеу кәсіпорындарының банкроттыққа ұшырауы, мемлекеттік сатып алу тәжірибесі жоғалғаны, бұл салғаны тиімсіз болып қалғанына әкеліп соқты.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, бірқатар кешенді шаралар орындалғанының арқасында, соңғы жылдары мал шаруашылығында тұрақтану мен өсімге қол жеткізіледі. Мал басы барлық түрлері бойынша, сондай-ақ ет, сүт, жүн, жұмыртқа өндіру жылдан жылға өсіп келеді.

1998 жылдан бастап мал басы тұрақтанып, өсіп келеді. 2002 жылы, 1998 жылмен салыстырғанда, мүйізді ірі қара мал басы - 32, қой - 25, шошқа - 24, жылқы - 15, түйе - 18, құс - 47 % өсуі көзделген.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің қазіргі көлемі ішкі рыноктың сұраныс деңгейіне сәйкес келеді. Ішкі рыноктың сыйымдылығы халықтың төлем қабілеттілігімен байланысты болғандықтан шектеулі. Сонда да оның өсу динамикасы байқалады. Сондықтан, мал шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлері ішкі рынокқа бағдарланған, бұл сүт өндірісі, құс, шошқа, жылқы шаруашылықтары өнімдері.

29-кесте

**Жыл аяғына мал басы**

(мың. бас)

| | **Ф а к т** | | | | **2002 ж. күтілетін** | **2002 ж 1998 ж** | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **1998 ж** | **1999 ж** | **2000 ж** | **2001 ж** | | **+, -** | **%** |
| Мүйізді ірі қара | 138,1 | 151,0 | 158,0 | 179,1 | 182,7 | +44,6 | 132 |
| Қой мен ешкі | 948,0 | 1015,9 | 1067,2 | 1154,5 | 1187,0 | +239,0 | 125 |
| Шошқа | 37,0 | 42,8 | 45,4 | 45,2 | 46,0 | +9,0 | 124 |
| Жылқы | 47,9 | 50,1 | 51,7 | 53,3 | 55,0 | +6,0 | 115 |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Түйе | 2,7 | 2,9 | 2,9 | 3,2 | 3,2 | 0,6 | 118 |
| Құс | 748,7 | 940,4 | 1023,5 | 1072,1 | 1100,0 | +347,3 | 147 |

| **Болжам** | | | **2005 ж. 2001 ж.** | |
|---|---|---|---|---|
| **2003 ж** | **2004 ж** | **2005 ж** | **+, -** | **%** |
| 186,5 | 190,1 | 195,6 | +16,5 | 109 |
| 1237,0 | 1269,0 | 1330,0 | +175,5 | 115 |
| 46,5 | 47,1 | 49,6 | +4,4 | 110 |
| 58,0 | 62,0 | 67,0 | +13,7 | 126 |
| 3,3 | 3,4 | 3,5 | +1,3 | 109 |
| 1140,0 | 1170,0 | 1200,0 | +127,9 | 112 |

30-кесте

**Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру**

(мың. тонна)

| | **Ф а к т** | | | | **2002 ж. күтілетін** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1998 ж** | **1999 ж** | **2000 ж** | **2001 ж** | |
| Ет, барлығы (сойыс салмағы) | 28,1 | 28,5 | 29,3 | 30,6 | 32,0 |
| Сүт, барлығы | 140,4 | 158,3 | 167,8 | 179,1 | 181,1 |
| Жұмыртқа, млн. дана | 38,3 | 45,0 | 54,0 | 65,5 | 70,9 |
| Жүн | 1,8 | 2,3 | 2,6 | 2,7 | 2,9 |
| Тері шикізаты:<br>- ірі, мың дана<br>- майда, мың дана | <br>122,3<br>703,9 | <br>85,8<br>488,9 | <br>110,9<br>588,2 | <br>121,2<br>662,1 | <br>49,5<br>380,0 |

| **2002 ж 1998 ж** | | **Болжам** | | | **2005 ж. 2001 ж.** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **+, -** | **%** | **2003 ж** | **2004 ж** | **2005 ж** | **+, -** | **%** |
| +3,9 | 114 | 33,4 | 34,5 | 35,2 | +4,6 | 115 |
| +40,7 | 129 | 182,3 | 186,1 | 190,5 | +11,4 | 106 |
| +32,6 | 185 | 73,5 | 76,2 | 79,5 | +1,4 | 121 |
| +1,1 | 161 | 3,1 | 3,2 | 3,3 | +0,6 | 122 |
| -72,8<br>-323,9 | 40<br>54 | 61,0<br>394,7 | 61,4<br>406,9 | 63,1<br>419,1 | -58,1<br>-243,0 | 52<br>63 |

2005 жылы, 2001 жылға қарағанда мал басы өсуі, өндірісті жақсарту және мал басы сақтау арқасында өнімнің мына түрлерін өндіруі өседі:

ет - 15% (35,2 - 30,6 мың тонна);

· сүт 6% (190,5 - 179,1 мың тонна);

· жұмыртқа 21% (79,5 - 65,5 млн. дана);

· жүн 22% (3,3 - 2,7 мың тонна);

· тері шикізаты: ірі - 52% (63,1-121,2 мың. дана.) майда 63% (419,1 - 662,1 мың дана).

Жұмыстың негізгі бағыттары

Мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының ең кепілді саласы болып саналады, ауа-райының қолайсыз шарттарына онша тәуелді емес. Сонымен қатар , жергілікті халықтың дәстүрлі ұлттық саласы болып есептеледі. Сондықтан, мал шаруашылықты дамыту аграрлық саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Мал шаруашылығы, оның бүгінгі жағдайы, аймақтық ерекшеліктері, табиғи-климаттық шарттары ескеріліп, дамуы тиіс.

Етті мал шаруашылығында ет өндіру көлемін арттыруда шағын ауыл шаруашылығы құрылымдарының, шаруа, фермерлік қожалықтарының мүмкіншіліктерін пайдалануға негізгі назар аударылып және арнайы мал бордақылау кешендерін кезең-кезеңімен жандандыруға бағытталады.

Сүтті мал шаруашылығында барлық күш әрекеттер қалалар мен ірі елді мекендердің маңында арнайы сүт кешендерді құруға жұмсалады. Сонымен қатар, жеке шаруашылықтардан, шаруа қожалықтардан өнімді жинау және сату, дайындау ұйымдарының орталықтандырылған қабылдау пункттері арқылы ұйымдастырылады.

Қой шаруашылығында - биязы жүнді қой шаруашылығы негізінен оңтүстік қазақ меринос тұқымы саулықтарын австралия тұқымының қошқарларымен будандастыру арқылы дамытуы көзделген.

Қаракөл шаруашылығында, өткізу рыноктарды іздестіру және нәсілдік қорын сақтап қалуға бағытталған шараларды орындауға тиіспіз.

Жылқы шаруашылығында - үйірлі жылқы шаруашылығын дамыту - басымды болып табылады. Жергілікті табиғи-климаттық шарттарына бейімделген жылқыларды өсіру - оның өнімділігін және бәсекеге шыдамдығын жоғарылатады . Европа және басқа мемлекеттерде жылқы етіне сұраныс болғанын ескерсек, жылқы етін және басқа да жылқы шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде қымызды экспортқа шығаруды қолдап, өнімнің сақтау мерзімдерін ұзарту жөнінде өндіріс технологияларды жолға қоюымыз қажет.

Шошқа шаруашылығы - алғашқы уақытта, ішкі рынок қажеттілігін негізінен шағын құрылымдармен жеке шаруашылықтарда шошқаның мал басы өсуі есебінен қанағаттандырылады. Шошқа етіне сұраныс өскен сайын, оның дамуы шошқа өсіру кешендерін қалпына келтіру жолмен өнеркәсіптік негізде асырылады.

Құс шаруашылығында - импорттық өнімдері ішкі рыноктан шығару мақсатында, Байзақ аудандағы құс фабрикалардың біреуінің жұмысын қалпына келтіріп, іске қосу міндеті тұр.

Проблемалар:

жекешелендіруден кейін мал шаруашылығының ірі кешендері мен бордақылау пункттері жұмысын тоқтатты;

қайта өңдеу кәсіпорындары банкроттыққа ұшырауынан, тұтыну

кооперацияның күйреуімен және селода дайындаудың басқа арнайы жүйесінің жоқтығы, ауыл тұрғындары үшін өндірген мал шаруашылығы өнімдерін қанағаттанарлық бағамен сатуы қиыншылық тудырады.

Шаралар:

шағын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерден және жеке азаматтардан мал шаруашылығы өнімдерін дайындаумен айналысатын дайындау ұйымдар жүйесін құру;

- ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсату объектілерді құру, қайта құру және қалпына келтіру;
- Тараз қаласының маңындағы 11 тауарлы - сүт фермаларын қалпына келтіру;
- Жуалы ауданының "Гамбург" ЖШС-де тауарлы - сүт фермасын құру;
- Малды асылдандыру мақсатында барлық ауыл округтерде малды қолдан ұрықтандыру пункттерді ұйымдастыру;
- мүйізді ірі қара малды, қойларды, шошқаларды бордақылау жөнінде ірі арнайы шаруашылықтарды құру;
- асыл тұқымды малдарды сатуға арналған көрме-аукционды ұйымдастыру.

## 4.8. Ветеринария

ағымдағы жай-күйі:

Облыста мал мен құстың жұқпалы ауруларының 79-дан астам түрлері ұшырасады, соның ішінде 25-і аса қауіпті түрлеріне жатады, оның көбі адам мен мал үшін ортақ аурулар болып табылады.

2001 жылы тұрақты табиғи ошақтардың болуынан және жүргізілетін алдын алу іс-шаралары деңгейінің жеткіліксіздігінен мал мен құстың әр түрлі аса қауіпті жұқпалы ауруларының 11 ошағы тіркелді. Облыс аумағында сібір жарасының 190 ошағы бар. Лептоспироз, құтыру, шешек, оба, эхинококкоз, қырым геморрагиялық қоздырма ошақтары, туберкулез бойынша 2, бруцеллез бойынша 8 қолайсыз пункті бар. Жылдан жылға адам мен малдың бруцеллез ауруымен ауырғаны өсуде.

Ветеринариялық биологиялық препараттарды қолдану жергілікті жерлерде бәсекелес ортаға берілген. 280 лицензиялы ветеринариялық дәрігерлер мұны конкурстық негізде жүзеге асырады. Облыста ветеринариялық-санитарлық қадағалауды ауылдық, аудандық, облыстық 174 ветеринариялық инспекторы жүзеге асырады, одан басқа ветеринариялық-фитосанитарлық бекеттерде 47 адам істейді. "Облыстық ветеринариялық зертханасы" РМК "Орталық ветеринариялық зертханасы" РМК-а бағынады, ол мемлекеттік тапсырыспен малдың ауруларын алдын алу, мал шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарды ветеринариялық-санитарлық сараптаумен төлем негізінде айналысады.

Проблемалар:

- ветеринариялық қызмет көрсетудің бәсекелестік секторын дамыту: облыс

бойынша шамамен шартты түрде 461,8 мың бас мал бар, оларға қызмет көрсету үшін нормативтер бойынша 709 ветеринария маманы қажет, сонда әрбір ветеринария маманына шартты түрде 650 бас мал жүктелмек, алайда қазіргі уақытта мал шаруашылығына өндірістік ветеринариялық қызмет көрсетумен лицензиясы бар 280 ветеринария маманы айналысады немесе 40 % қамтамасыз етілген;

биологиялық препараттарды мемлекеттік сатып алу бойынша тендерді кеш өткізгеннен және мал шаруашылығында қолданылатын биопрепараттара қаражат кеш бөлінгеннен жоспарланан көктемгі эпизоотияға қарсы профилактикалық шаралар кеш басталады;

· адамдар мен малдың бруцеллезі ауруымен ауырғандары жылдан жылға өсіп келеді. Ауру малды соятын жері және оны өңдейтін орындары болмағандықтан, бруцеллезға қарсы басталған шаралар бітірілмей қалады. Облыста малдарды сақтандыру жүйесі жолға қойылмаған, соның салдарынан бруцеллез ошақтарын жоюда қиыншылықтар көп. Бруцеллез ауруына қарсы республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы жеткіліксіз. Барлық ошақтарды жою үшін қаржылық қолдау қажет;

ветеринариялық зертханалардың техникалық жарақтандырылуы халықаралық нормалар мен стандарттара сәйкес келмеуінің салдарынан жүргізілетін сараптамалар әдіснамасының және аурулардың диагностикасы деңгейі төмен болып тұр;

· халықтың нақты мал саны статистикалық деректерге сәйкес келмейді. Биологиялық препараттар орталықтан тек ҚР Статистика жөнінде Агенттігінің деректері бойынша босатылады, сондықтан малды жаппай иммунизация кезінде вакцина жетіспейді, бұл эпизоотиялық жағдайға теріс әсерін тигізеді;

· қазіргі мал қорымдары ескіріп, күрделі жөндеуді талап етеді.

Шаралар:

· жыл сайынғы жоспарлы ветеринариялық - алдың алу, эпизоотияға қарсы және ветеринариялық-диагностикалық іс-шараларды толық көлемінде жүргізу үшін қаржыны уақытылы бөлу;

· ауылдың және кенттік аймақтар үшін ветеринариялық инспекторлардың санын республикалық бюджет есебінен 144 бірлікке дейін жеткізу;

· бруцеллез және туберкулез жұқпалы ауруларға қарсы күрес үшін әр аудан орталығында сойыс цехтарын, облыс орталығында бруцеллезбен ауру малдың етін өңдеу цехын ұйымдастыру. Сондай-ақ, малдарға вакцинация және диагностикалық зерттеу жүргізу;

· ветеринариялық зертханаларды техникалық жарақтандыру үшін қазіргі заманғы құрал-жабдықтар мен аппаратура сатып алу қажет;

· малдың бруцеллез, қырым геморрогиялық қыздырма ауруларына қарсы күрес

және инфекция ошағын жою үшін жыл сайын толық көлемде қаржы бөлу қажет;

· жергілікті атқарушы органдарда коммуналдық /қазыналық/ ветеринарлық мекемелерді құру;

· облыстың ауыл шаруашылығы колледждерінде жыл сайын 60 ветеринар мамандарын даярлауын ұйымдастыру.

Қаржылық қамтамасыз ету

Ветеринариялық қызмет көрсету бағдарламасын республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырудың көлемінің болжамы.

31-Кесте

(млн. теңге)

| **Бюджеттік бағдарламалардың атауы** | | **2001 жыл есеп** | | **2 0 0 3 жыл** | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** |
| Эпизоотияға қарсы күрес | Ветпрепараттарды қолдану | 21,0 | | 67,919 | |
| | Ветпрепараттарды түрінде | 46,3 | | 43,432 | |
| Ауру малдардың бруцеллезі мен туберкулезіне қарсы күрес | | 5,0 | | -- | |
| Ауру малдардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының ошақтарын жою | | | 0,2* | 0,5 | |
| Қырым гемморогиялық қыздырма ауруының табиғи ошақтарда алдын алу | | | 5,6 | | 10,0 |
| Ауылдың ветеринариялық инспекторларды ұстауға қаражат бөлу | | | 11,0** | 14,0 | |
| Барлығы | | 72,3 | 16,8 | 125,851 | 10,0 |

| **2 0 0 4 жыл** | | **2 0 0 5 жыл** | |
|---|---|---|---|
| **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** | **республ. бюджет** | **жергілікті бюджет** |
| 77,301 | | 95,445 | |
| 66,858 | | 116,798 | |
| 24,667 | | 12,765 | |
| 0,5 | | 0,5 | |
| | 10,0 | | 10,0 |
| 17,3 | | 17,5 | |
| 186,626 | 10,0 | 243,008 | 10,0 |

* - аудандық бюджеттен қаржыландыру

** - эпизоотиялық жағдайда, мал басының санына және қолайсыз пункттер болуына байланысты қаржыландыруға өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Республикалық бюджеттік комиссия тиісті қаржылық жылға республикалық бюджеттің жобасын қарау нәтижесіне байланысты, қаржыландыру көлемі,

заңмен белгіленген тәртіпте өзгеруі мүмкін.

Күтілетін нәтижелер:

· малдар мен құстарды аса қауіпті, соның ішінде адамдар мен малдарға ортақ аурулардан қорғауға мүмкіндік береді;

· малдан өндірілетін өнімдер мен шикізаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

· облыс аумағын жұқпалы аурулар қоздырғыштарының әкелінуінен қорғау;

· облыста ветеринарлық-санитарлық және эпизоотиялық қолайлы да оңтайлы орта қалыптастыру;

· аса қауіпті жұқпалы аурулардан мал шаруашылығына келетін зиянды азайту.

5. Бәсекеге қабілеттіліктің өсуі және сату көлемін ұлғайту.

5.1. Ауыл шаруашылығы өнімінің ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігін бағалау

Ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін анықтаудың критерийі:

Тиімділік, шығындарды азайту әлеуеті.

Бәсекелік индексі:

ішкі рынокта, импорт бағасының ішкі рыноктағы сату бағаларына сату қатынасы ретінде есептеледі;

сыртқы рынокта, әлемдік және ресейлік бағалардың экспорттың бағаларға қатынасы ретінде есептеледі.

Сұраныс-ұсыныс индексі:

ішкі рынокта, нақты қажеттіліктің отандық өндіріске қатынасы ретінде есептеледі;

сыртқы рынокта, ішкі тұтынуды алып тастағанда экспорт көлемінің өндіріс көлеміне қатынасы ретінде есептеледі.

Бидай - тиімді, ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекеге қабілетті, ішкі рынокта ұсыныс сұранымнан жоғары, сыртқы рынокта сұраныстары бар;

Картоп, көкөніс, сүт, жұмыртқа - тиімді, ішкі және сыртқы рыноктарда бәсеке қабілеті нашар, ішкі рынокта сұраныс ұсыныстан жоғары, сыртқы рынокта сұраныстары жоқ;

Қант қызылшасы - тиімділігі төмен, ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекеге қабілетті;

Сиыр еті, қой еті, жылқы еті, шошқа еті, құс еті - тиімді, ішкі рынокта бәсекеге қабілетті;

Жүн-тиімсіз, бәсекеге қабілетті, сыртқы рыноктардан сұраныс жоқ.

Шаралар:

Бидай - сыртқы рыноктарды кеңейтуді, ішкі тұтыну үшін дендеп өңдеудің көлемін және қайта өңделген өнім экспортының көлемін ұлғайтуды көздеу қажет ;

Картоп, көкөніс, сүт, жұмыртқа - тарифтік қорғаныс деңгейін күшейтуді

талап етеді, мұның өзі ішкі өндірістің көлемін ұлғайтуға және ұқсас импорттарды ығыстырып шығаруға мүмкіндік береді;

Қант қызылшасы, сиыр еті, қой еті, жылқы еті, шошқа еті, құс еті - озық технологияларды енгізу арқылы өндіріс шығындарын азайтуды қажет етеді. Ауыл шаруашылығы өнімінің бұл түрі өңдеу өнеркәсібі үшін шикізат ретінде сұранысқа ие. Азық-түліктік топқа жататын қайта өңдеу өнімдері тиімді болып табылады және сыртқы рыноктарда көбірек сұранысқа ие.

Жүн - экспортқа кедендік тарифті жоғарылату, сонда ғана "Фабрика ПОШ" өндірістік кооперативті толық қуатымен жұмыс істеуге қол жеткізер еді, себебі, жуылған жүн сыртқы рыноктарда бәсекеге қабілетті.

## 5.2. Астық рыногының дамуы

Астық өндірісі мен астық мониторингінің ахуалын талдау

32-кесте

**Дәнді дақылдар түсімділігінің, өндірілуі мен тұтынылуының қарқыны**

(түсімділігі - ц/га; өндіру және тұтыну - мың тонна)

| Дәнді дақылдар орта есеппен 1996-1998 ж.ж. | | Соның ішінде: бидай орта есеппен 1996-1998 ж.ж | | Дәнді дақылдар орта есеппен 1999-2001 ж.ж. | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Түсімділігі | өндіру | түсімді-лігі | өндіру | Түсімді-лігі | өндіру | тұтыну |
| 10,4 | 356,9 | 7,6 | 223,9 | 12,5 | 382,2 | 393,4 |

| Соның ішінде: бидай орта есеппен 1999-2001 ж.ж. | | |
|---|---|---|
| түсімділігі | өндіру | тұтыну |
| 11,6 | 242,2 | 276,8 |

Астық - елдің азық-түліктік қауіпсіздігінің негізгі компоненті.

Соңғы үш жылда (1999-2001 ж.ж.) дәнді дақылдар егіс алаңдарының тұрақтанғандығына орай олардың түсімділігі өткен үш жылмен (1996-1998 ж.ж.) салыстырғанда 2,1 ц/гектарға немесе 20,2%-ға өсіп, 7,1 ц/гектарға жетті. Астық өндіру 25,3 мың тоннаға немесе 7,0%-ға ұлғайды және орташа жылдың деңгейі шамамен 382 мың тоннаға жетті.

Негізгі экспорттың дақыл - бидай өндірудің көлемі 1996-1998 жылдардағы 11,6 мың тоннадан 1999-2001 жылдарда 30 мың тоннаға дейін өсті.

Астық қабылдайтын кәсіпорындардың астық сақтау жөніндегі қызметін лицензиялаудың енгізілуі олардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тұқым, жанар-жағармай, минералдық тыңайтқыштар, гербицидтер, ауыл шаруашылығы техникаларына қосалқы бөлшектер сатып алуы үшін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға лизингтік негізде жеңілдетілген кредит ресурстары бөлінеді.

Осының барлығы еліміздің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, астықтық экспорттың әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары майлы дақылдардың егістік алаңының көбею үрдісі байқалуда, сонымен қатар түсімділігінің 4-6 ц/га деңгейінде тұрақтануы майлы дақылдардың жалпы өнімін 38%-ға арттыруға мүмкіндік берді.

Тиімді және өтімді дақыл болғандықтан күнбағыс егісі ұлғаюда. Күнбағыстық жалпы түсімі: 47%-ға көбейіп, 2515 тонна жетті.

Қытай бұршақ егістігінің көлемі 2002 жылы 7105 гектарға жеткізілсе, 2005 жылы 9200 гектарға жеткізу жоспарлануда.

Бұршақ (соя) егісінің көлемі 2002 жылы 411 гектар болса, 2005 жылы егіс көлемі 1229 гектарға ұлғайтылып, 1670 гектарға жеткізіледі.

Жүгер егісі 40-50%-ға ұлғайып, түсімділігі 5 центнерге арттырылып, 41,7%-ға артып, жалпы түсім 2 есеге ұлғайтылып, 69,6 мың тоннаны құрады.

Проблемалар:

· егіншілік мәдениетінің төмендегі, минералдық тыңайтқыштарды енгізудің жеткіліксіздігі, сапасыз тұқымдарды пайдалану дәнді дақылдар түсімділігінің ықтимал мүмкіндігін 1,5-2 есе төмендетіп; өндірілетін астықтық сапасын кемітуге әкеп соқтырады. Бидай дәніндегі дән маңызының орташа мөлшері 1986-1991 жылдардағы 20-32%-бен салыстырғанда 1992-1999 жылдары 18-30%-ға азайды;

· астық сапасының төмендеуі ұн етіп тартылатын астық партияларының қалыптасуын қиындатады, астықтың бәсекеге қабілеттілігі мен оның экспорттың әлеуетін азайтады;

· астық саласының техникамен орташа қамтамасыз етілуі, техникалық дайындық коэффициентін қоса есептегенде 67%-дан аспайды. Астық жинайтын бір комбайнның жүктелімі нормативтік деңгейден 50-60%-ға артық. Техниканы жаңарту оның істен шығуынан едәуір артта қалған. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің көпшілігі өз қаражаттары есебінен техника сатып ала алмайды;

· астық өңдеу мен сақтаудың материалдық-техникалық базасының жай-күйі едәуір нашарлады. Қойма сыйымдылықтары әсіресе тікелей астық өндірушілерде азайды. Астық өңдейтін технологиялық құрал-жабдық моральдың және табиғи жағынан тозды;

· астық сату арналарының дамымай қалуы, өркениетті көтерме сауда рыноктары мен маркетингтің, арзан көліктік коридорлардың болмауы, көлікпен тасымалдауға арналған тарифтердің тым қымбаттағы, биржалық сауданың нашар дамығандығы және астық бағасының белгіленбеуі астық экспортының көлемін ұлғайтуға, оны өткізудің жаңа рыноктарын іздестіруге тежеу болып баға демпингіне әкеп соғуда;

астық өндірісін кеңейту үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде

айналым қаражатының аз болуы және кредит ресурстарына қол жеткізудің төмендігі;

· астық өндірісі құрылымының жетілмегендігі. Астық өндірісіндегі бидайдың үлес салмағы жемдік, дәнді бұршақ, жарма дақылдары есебінен 1999-2001 жылдары орта есеппен 61,9%-ды құрады;

· ауыл шаруашылығы өндірісін сақтандыру жүйесінің жоқтығы;

· дәнді дақылдар өнімі болжамының анықтығы жоғары әдістерінің жоқтығы;

· егістік алаңдар құрылымындағы мақсыр, басқа майлы дақылдардың үлес салмағы 0,03%-ды құрайды;

· ұсынылған ауыспалы егіс тәртібі сақталмайды;

· ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер құнарлылығының төмендеуі;

· суармалы жерлердің сортаңдануы мен батпақтануы, ұзақ уақыт жөндеусіз пайдаланылғандықтан, суландыру және дренаж жүйелері ПӘК-нің төмендегі.

Жалпы облыс бойынша 600 мың тонна сиымдылығы бар астық элеваторлары мен қоймалар сақталып қалған. Олар астық қабылдауға, сақтауға дайын, бірақ қолданылатын қызмет ақысы жоғары болғандықтан элеваторлар мен қоймалар пайдаланылмай тұр.

Астық өндірісі мен рыногын дамыту жөніндегі шаралар:

· бидайдың халықаралық рыноктарда үлкен және тұрақты сұранысқа ие күшті және қатаң сорттарының өндірісін (Наз, Алмалы, Дербес) ұлғайтуға бағытталған табиғи-климаттың жағдайларды және рыноктың конъюнктураны ескере отырып, астық өндірісі құрылымын, сондай-ақ еліміздің өсімдік майына, жармаға, құрама жемдерге, ұқсатушы салаға арналған шикізатқа - ең кемінде 235 мың тонна бидай астығы, арпаға 76,3 мың тонна, жүгеріге - 69,5 мың тонна, қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында жемдік астық, майлы, бұршақ және жарма дақылдарын өндіруді оңтайландыру;

жемдік астық, майлы, бұршақ және жарма дақылдарының егістік алаңдарын бір мезгілде кеңейте отырып, жұмсақ бидайдың күшті сорттарын өндіру үшін облыс аймақтарының (Қордай, Т.Рысқұлов, Жуалы, Шу, Меркі, Жамбыл, Байзақ аудандары) топырақ - климат әлеуетін мейлінше тиімді пайдалану;

Қордай, Жуалы, Байзақ, Жуалы, Шу аудандарында, майлы және жарма дақылдарын (күнбағыс, соя, сафлор, тары) өндіруді ұлғайту;

астық өндірісі құрылымындағы үлес салмақтарын 65%-ға жеткізе отырып, күздік бидай өндіруді, ұлғайту;

· Қордай, Шу, Меркі, Байзақ және Жамбыл аудандарына суармалы егіншілік базасында жүгері дәні мен соя өндіруді ұлғайту. Элиталық тұқым өндірудің құнын арзандату, минералдық тыңайтқыштар сатып алу және басқа шаралар арқылы мемлекеттік қолдаудың дифференциялы шараларын жүзеге асыру;

майлы дақылдардың майлы дәнін - соя және мақсыр өндіруді ұлғайту (

Қордай, Байзақ, Жамбыл және Шу аудандарында);
· баға белгіленімі және баға демпингін болдырмау үшін қолданыстағы тауар биржаларындағы астықтық биржалық саудасын дамыту;

33-кесте

**Экспорттық рыноктардың сиымдылығын бағалау және азық-түліктік бидайдың бағалық конъюнктурасы**

| **Астық импорттау-шы негізгі елдер** | **Бидай экспортының облыстағы 1999-2000 жылдардағы орташа көлемі, мың тонна** | **Үлес салмағы, %** | **1 тонна бидайдың рыноктағы бағасы , АҚШ $ 2001 ж .** |
|---|---|---|---|
| Қырғызстан | 3,6 | 51,4 | 63,5 |
| Тәжікстан | 3,4 | 48,6 | 203,5 |
| Өзбекстан | 0,05 | | 63.5 |
| Барлығы | 7,0 | 50,0 | 131,95 |

Қаржылық қамтамасыз ету:

аталған мақсаттарға жыл сайын көзделіп бөлінетін ақша шегінде республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен отандық астық өндірушілерді қолдау;

ауыл шаруашылық кредит беру серіктестіктерінде және өзге де ұйымдарда жинақталған қаржы ресурстарын астық өндірісін қаржыландырудың мемлекеттік жүйесімен қатар пайдалану.

Күтілетін нәтижелер:

· астықтық сапасы мен бәсекелестік қабілетінің артуы;
· облыстық астыққа деген ішкі қажеттілігін қамтамасыз ету;
· астықты өткізу рыноктарын кеңейту және экспортын жылына 50 мың тоннаға дейін көбейту;
· астықтық бағасын оның рентабельді өндірісін қамтамасыз ететін деңгейде тұрақтандыру;
· ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қаржылық жағдайын жақсарту;
· облыстық азық-түліктік қауіпсіздігінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
· топырақ құнарлылығын және агроландшафттардың экологиялық тұрақтылығын арттыру;
· ұқсатушы кәсіпорындарды жарақтандыру және жаңарту.

5.4. Стандарттардың үйлесімі (қабылданған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасына лайықталған).

6. Мемлекеттік қолдау шараларын ұтымды ету

Аграрлық азық-түлік кешенін мемлекеттік қолдау деңгейін бағалау

Мемлекеттік қолдау шаралары реттеуші сипатта болады және салааралық ала-құлалықты теңестіруге бағытталған. Оның деңгейі агрокешенде маусымдылығы мен өндірістік циклдің ұзаққа созылатындығына, табиғи-климаттық факторларға, экономиканың басқа салаларымен ауыл

шаруашылығының тауар алмасудағы баламасыз болуына, халықтық сатып ауыл қабілетінің төмендігіне байланысты шын мәнінде төмендеп кеткен.

Облыста мемлекеттік қолдау шаралары жалпы сипаттағы және арнаулы шаралар болып бөлінеді:

· жалпы сипаттағы шаралар дегеніміз - жануарлар мен өсімдіктердің ерекше қауіпті ауруларының диагностикасын, мониторингін және оларға қарсы күресті, карантинге жататын өнімдерге зертханалық және фитосанитариялық талдау жасауды, ауыл шаруашылық дақылдарының сорттарын сынақтан өткізуді, суармалы жердің мелиорациялық жай-күйін бағалауды, мемлекеттік резервтегі астықтық сақталуын, элиталық тұқым шаруашылығы мен мал тұқымын асылдандыру ісін сақтауды және дамытуды мемлекеттік қаржыландыру, минералдық тыңайтқыштарды сатып алуға субсидия беру, агроөнеркәсіптік күшеннің ақпараттық жүйесін жасау және дамыту, қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Жалпы шараларға ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерге жеңілдікпен салық салуды (заңды тұлғалар үшін патентті және шаруалар (фермер ) қожалықтары үшін бірыңғай жер салығын), бюджеттік борыштарды өтеу мерзімін ұзартуды да жатқызуға болады;

нақтылы салалар мен өндірістерді қолдауға бағытталған арнаулы шаралар, олар, әдетте, өтеулі сипатта болады және қаржы жөнінен рыноктың тұрақты шаруашылық жүргізуші субъектілеріне беріледі: мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу, ауыл шаруашылық техникасы лизингісіне кредит беру, көктемгі-егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жергілікті бюджеттен кредит беру, ауылдық кредит серіктестіктері жүйесіне кредит беру, сыртқы заемдарды тарту арқылы мемлекеттің кредит беруі, экспорттық-импорттық режимді реттеу кезіндегі тариф саясаты.

Республикалык бюджеттен ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау деңгейі 2001 жылы 339,8 млн. теңгеге тең (оның сыртында облыстық бюджеттен 151,6 млн. теңге), ал жанама субсидия беруді (салықтар жеңілдіктері, борышта өтеу мерзімін ұзарту, сыртқы заемдар бойынша кепілдіктер) қоса есептегенде, ол 1236,4 млн. теңге болады. Бұл 1996-1998 жылдармен салыстырғанда, абсолютті көрсеткіштерде 5,8 пайызға жоғары, немесе 1 теңгеге есептегенде, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1996-1998 жылдардағы 0,03 теңгеден 2001 жылы 0,05 теңгеге дейін көтерілді.

Ауыл шаруашылығын қолдауға Республикалық бюджеттен жасалатын шығыстар облыста жалпы өнімге шаққанда 1,3%, бүкіл ел бойынша 0,7%. Бір ауыл шаруашылығы құрылымына шаққанда Республикалық бюджеттен қолдау сомасы Қазақстанда - 1200$, болса, облыста 911$.

Егер ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша мемлекеттік қолдаудың қандайда бір жүйесі болса, өнімдерді ұқсатуға қатысты ол осы уақытқа дейін

қалыптастырылмаған. Мәселен, бүкіл 1996-2001 жылдар кезеңінде салаға едәуір дәрежеде Азия Даму Банкі заемдарының есебінен Қордай ауданындағы "Достық" өндірістік кооперативіне ет және ет өнімдерін өңдейтін желісінің құрылысы үшін 22,7 млн. теңге кредит беру арқылы қолдау жасалынды. Импорт алмастыру бағдарламасында тамақ өнімдерін өндіруге тиісінше назар аударылмаған.

## 7. Әлеуметтік сала

### 7.1. Демография, жұмыспен қамту, еңбек ресурстары

2002 жылдың 1 қаңтарына облыста 980,6 мың халық тұрады, оның 54,7 % - ауылдық жерлерде. Демографиялық жағдай, соңғы жылдары, халықтың, әсіресе жастар мен еңбекке қабілетті тұлғалардың, ауылдардан аудан орталықтар мен қалаларға қоныс аударатынымен сипатталады. Миграциялық процесстерге оралмандар да айтарлықтай әсерін береді.

2002 жылдың 1 қаңтарына облысқа оралмандардың 3229 жанұясы келіп қоныстады, барлығы 17229 адам. Еңбекке қабілеттегі жастағы оралмандардың үлес салмағы - 41,5 % құрайды. Облысқа келген оралмандардың тек 52,6 % - тұрғын үйлері бар.

Квотамен келген оралмандарға шағын жер телімдерін беру тәжірибеге айналған. Алайда, материалдық тапшылығы себептермен, оралмандардың көбінің әл-ауқатын жақсартуға мүмкіншіліктері жоқ.

2001 жылы облыста 478,8 мың еңбекке жарамды адам тұрған, оның 56,9% - ауылдарда. Өзіне өзі жұмыс тапқандардың 75 % - ауылдық жерлерде, бұл дегеніміз, ауыл тұрғындары негізінен жазы-күзгі кезеңде кездейсоқ ақылы жұмыстардың арқасында өмір сүріп жүр.

Еңбек ресурстар балансы деректері бойынша 2001 жылғы ауылдық жерлерде жұмыссыздық деңгейі 7 % құрады. 2000 жылы қабылданған жұмыссыздық және кедейлікпен күрестің кешенді бағдарламаның шеңберінде, ауылдық жерлерде 8,0 мыңнан астам жұмыс орындары құрылған, маусымдық және уақтылы жұмыстарда - 52,0 мың адам, қоғамдық ақылы жұмыстарда - 7,0 мың жұмыссыз адамдар қатысты.

Сонымен қатар, кейбір аудандарда жұмысқа орналастыру көрсеткіші облыстық орташа көрсеткішінен едәуір төмен болып тұр. Байзақ, Жамбыл, Жуалы аудандарында 2001 жылы жұмыс іздегендердің тиісінше тек 3,9% -, 5,9% -, 14% жұмысқа орналастырылды.

Микро бағдарламасы жағдайды біршама жеңілдетті, 1998-2001 жылдары осы бағдарламаның шеңберінде 108,8 млн. теңгеге 3489 микронесие берілді. Алынған несиелелердің қомақты бөлігін несие алушылар мүйізді ірі қара мал, қой, шошқа, құс өсіруге жұмсады. Сонымен қатар, алынған несиелер жеке мұқтаждарға жұмсалған фактілер де кездесті, оның салдарынан несиелердің жартысынан көп сомасы белгіленген мерзімге дейін қайтарылмаған. Несие бөлу, қайтарылған

сомалардың есебінен іске асырылатынын ескерсек, аз қамтылған және жұмыссыз адамдарды қолдаудың осы көзі таусылды десек болады.

## 7.2. Халықты әлеуметтік қорғау

Облыста өмір сүру деңгейі көрсеткіші республикада ең төменгілердің бірі.

2001 жылы халықтың номиналдық ақшалай кірістері республикалық орташа деңгейінің 68% құрады. 2001 жылы жан басына шаққанда ақшалай кіріс облыс бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінің 94,9 % құрады.

34-кесте

(%)

| | **2001** жыл |
|---|---|
| Ең төменгі күнкөріс деңгейінен кірісті төмен халықтың үлесі (тұтынуға пайдаланылған) | 48,4 |
| қалаларда | 41 |
| ауылдарда | 53,4 |
| Азық-түлік корзина бағасынан кірісі төмен халықтың үлесі (тұтынуға пайдаланылған) | 16,3 |
| қалаларда | 13,5 |
| ауылдарда | 18,2 |

2002 жылдың 1 қаңтарына облыста 138,5 мың аз қамтылған азаматтар, оның ішінде 94 мыңы (67,9 %) - ауыл тұрғындары, олардың 18,7 % - жұмыссыздар, 9,9 % - көп балалы аналар құрайды.

Үстіміздегі жылы, атаулы әлеуметтік көмек, жаңа тәртіпке сәйкес, 13,4 мың отбасыға 125,3 млн. теңгеге тағайындалды. Атаулы әлеуметтік көмек алушылардың 58 % - ауыл тұрғындары.

Облыстық бюджетте 2002 жылы жоғарыда көрсетілген жәрдем бойынша төлемдерге 402,2 млн. теңге көлемінде қарастырылған, бұл қажеттіліктен едәуір төмен болып тұр.

2002 жылдың 1 сәуіріне 188,8 млн. теңгеге жәрдемақы төленген. Қарыз 125,8 млн. теңгені құрайды.

Мақсатқа жетудің негізгі жолдары - кәсіптік даярлау мен қайта даярлауды тиімді дамыту, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемін кеңейту, жұмыс орындарын сақтап және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ету, кәсіпкерлікті дамыту, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету, халықтың нақты кірістерін арттыру, халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерін жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Техниканы лизингке беру, жеңілдетілген несие беру арқылы халықты ауыл шаруашылығымен айналысуға қызушылығын таныту жөнінде шаралар қолданылады.

Облысымызға қоныс аударған оралмандарды ауылдық жерлерге қоныстату тәжірибесі жалғасады. Көптеген шалғай ауылдарда тұрғындар жұмыссыз қалған. Жастар қалаларға көшіп кеткеніне байланысты тұрғындардың орташа жасы 40

жастан асады. Әлеуметтік инфрақұрылым қызметтерге қол жетімділігі қиын, сапалы ауыз су тапшылығы бар.

Осы орайда, оларды бұлдыр өңірлерден басқа елді мекендерге көшіру мәселесі көтеріледі. Осы шараны кезең-кезеңімен, әр тұрғынның мүддесі еске алынып, жүзеге асыруымыз қажет.

Кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті көтеру бойынша жұмыстар, еңбек рыногының қажеттілігіне сай, міндетті түрде жұмысқа орналастыру арқылы жүргізіліп, жүзеге асырылады. Даярлау курстарын аяқтаудан кейін, қаржы және ұйымдастыру жағынан жергілікті атқарушы органдар ықпал жасап, өздерінің кәсіптің ісін ашуға көмек көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне атаулы әлеуметтік көмекті дер кезінде беру және еңбек ақыларын көтеру, ауыл тұрғындарының материалдық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

## 7.3. Білім беру

Облыстың ауылдық аудандарында 359 жалпы білім беру, оның ішінде 254-орта, 39-толық емес орта және 66 бастауыш мектеп жұмыс істейді, оларда облыстағы жалпы оқушылардың 67,7% оқытылады.

Меркі ауданында жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығысыз қалған балаларға арналған мектеп-интернат істейді, онда 244 бала оқытылады.

181 ауылдық мектептері типтік ғимараттарда, 178 арнаулы ғимараттарда орналастырылған, 120 мектеп күрделі жөндеуді талап етеді, ал 2-і күйреу жағдайында тұр.

Соңғы жылдар облыста жаңа мектептердің құрылысы жүргізілмегендігіне қарамастан, бос тұрған ғимараттар, бөлмелер есебінен 21 бастауыш және аз комплектті мектеп ашылған, бұл балаларды мектепке тасымалдау мәселесін жеңілдетті.

Мектептерді компьютерлеудің республикалық бағдарламаның шеңберінде, 2001-2002 оқу жылына барлық ауылдық мектептер компьютерлік сыныптармен қамтамасыз етілді.

Үстіміздегі жылы жаппай оқыту қоры қаражаттары есебінен, ауылдағы аз қамтылған балалардың 14 % материалдық жәрдем көрсетілген.

Бірнеше жылдар бойы білім беру жүйесінде бірқатар проблемалар шешілмей жүр, олар:

- 25 елді мекендерде мектептер жоқ, осыған байланысты 2563 оқушы басқа мектептерге тасымалданады;
- педагогтік кадрлар, әсіресе шет тілдері мен химия пәндерінен, жеткіліксіз;
- сынып-комплекттердің толықтыруы төмен, оның салдарынан бірлескен сыныптар оқытылып, кейбір оқытушылар өзге пәндерді оқытуға мәжбүр болады;

- материалдық-техникалық база нашар;

- жалпы білім беру мектептерде дәрігерлік пункттер толық қамтамасыз етілмеген, медициналық қызметкерлер қажеттіліктен 30 % құрайды.

Білім беру жүйесін дамуының негізгі бағыттары: жаңа мектептерді ашу, бұрын жабылып қалғандарды қайта қалпына келтіру, істеп тұрғандарды қайта ұйымдастыру жолмен ауылдағы мектептердің санын мемлекеттік нормативке сай келтіруді қамтамасыз ету, бітпей қалған мектептердің құрылысын аяқтау;

оқушылардың білім сапасын жоғарылату, жаңа технологиялар мен оқыту әдістерін, жаңа оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді енгізу, кітап қорларын құру; материалдық базаны күшейту, оқытудың техникалық және басқа құралдарын сатып алу, ауылдық мектептерді информатизациялау бағдарламасын аяқтау; ауылдық мектептердің, оның ішінде аз комплектті мектептердің педагогтік кадрларын даярлау және қайта даярлау; ауылдық аз комплектті мектептердің тиімді моделін әзірлеу және кезең-кезеңімен енгізу; аз комплектті мектептердің оқу-тәрбие процесіне арнайы әдістемелер мен технологияларды енгізу; білім беру мазмұнын жаңарту, білім беру мекемелердің жаңа инновациялық типтерін дамыту; міндетті мектеп алдағы даярлауды қамтамасыз ету, мектепке дейінгі мекемелерді дамыту; мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарды қайта қалпына келтіру.

Білім берудің мектепке дейінгі мекемелердің жүйесі кеңейтіліп, қоғамның барлық жіктері үшін қол жетімдіктері міндетті түрде оның негізгі шарты болады.

Мемлекеттік кепілді нормативке сай жалпы білім беру мектептердің жүйесі кеңейтіледі, оқытуды мемлекеттік тілде жүргізген мектептердің ролі күшейеді. Шетел тілдерінің бірін оқытуға айрықша назар аударылады.

Жалпы орта білім беру оқу орындарында оқыту процессті ұйымдастыруда, жаңа оқу жоспарлар мен бағдарламалар қолданылып, жаңа оқулықтар мен пәндер енгізіледі.

Орта кәсіптік буынның мамандарын даярлауға мемлекеттік тапсырыс кеңейтіледі, мұнда ауылдық жастар, жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынан айырылған балалар басымдықпен қолданады.

Барлық деңгейдегі білім беру жүйесі, оқу бағдарламаға сәйкес оқытуды ана жүргізбей, оқушылар арасында тәрбие жұмысын да жүргізу тиіс. Қазіргі заманның шарттары оқытудың инновациялық технологияларын, оқу процесс ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізуді талап етеді. Шетелде әзірленген оқыту әдістерін енгізу арқылы жаңа эксперименталды мектептерді ашу қажет.

Білім беру бағдарламаларды қаржыландыру көлемін көтерілуі жоспарланған.

Білім беру бюджетінде оқытудың жаңа технологияларды, информатизацияны, құрал-жабдықтарды енгізуге қаражаттар қарастырылады.

Қаржыландыру көздері мүмкін демеушілердің, халықаралық гранттардың қаражаттары, кәсіпорындар мен ұйымдардың инвестициялары бола алады.

## 7.4. Денсаулық сақтау

Облыстың ауылдық денсаулық сақтау жүйесінде 2150 орындық 24 аурухана мекемелері және 103 амбулаторлық - емхана мекемелері бар, сондай-ақ 74 фельдшерлік-акушерлік пункт, 134 фельдшерлік пункт және бөлмесіз 57 фельдшерлік пункт жұмыс істейді.

367 елді мекендердің 16-да емхана мекемелері жоқ, бұл ауылдардың тұрғындары 0,5 - 2,0 км. іргелес тұрған емханаларға бекітілген.

Ауылдық жерлерде дәрігерлік кадрлармен қамтамасыз етілу мәселесі күрделі болып тұр. Оның негізгі себебі - 99-шы жылдардағы кадрлардың үлкен ағымы және жас мамандардың ауылда істегісі келмегендігі болып табылады.

35-кесте

**Дәрігерлік кадрлармен қамтамасыз етілу**

адам

| Аудандар | Медперсонал саны | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Дәрігерлер | | Орта медициналық | |
| | Нақты істейтіндер | Қосымша қажет | Нақты істейтіндер | Қосымша қажет |
| Байзақ | 82 | 65 | 230 | 152 |
| Жамбыл | 60 | 12 | 226 | 26 |
| Жуалы | 61 | 18 | 248 | 16 |
| Қордай | 117 | 18 | 360 | 28 |
| Меркі | 80 | 80 | 193 | 222 |
| Мойынқұм | 53 | 12 | 169 | 38 |
| Т. Рысқұлов | 78 | 29 | 220 | 59 |
| Сарысу | 53 | 26 | 81 | - |
| Талас | 71 | 26 | 273 | - |
| Шу | 129 | - | 509 | - |

Соңғы 10 жылда ауылдық денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасы жаңартылмаған, телефондық байланыспен қамтамасыз етілуі 29 %-ана құрайды. Автомобиль паркінің 1/3 бөлігінің пайдалану мерзімдері әлде қашан өтіп кеткен және олар есептен шығарылуға тиіс.

Ауылдық тұрғындарға дәрі препараттары 82 дәріханаларда сатылады, бұл ең төменгі мемлекеттік стандарттара сәйкес келмейді.

Облыста туберкулез (2000 жылы облыста алғашқы туберкулез аурумен әр 100 мың тұрғындардың - 192 ауырды, республикалық орташа көрсеткіші - 152,2), қант диабеті (халықтың 0,8 %), "В" вирустік гепатит (Сарысу мен Т. Рысқұлов аудандарында 2000 жылы осы аурумен ауырған адамдардың саны тиісінше 352,3

және 250 құрады, ал республикалық орташа көрсеткіш - 137,5) және басқа аурулар өсіп келеді. Одан басқа, қырым қанды безгегі ауруы жиі тіркелетін болды.

Халыққа дәрігерлік жәрдем көрсетуді жетілдіру мақсатында мына шарлар қолданылады: дәрігерлік мекемелердің жүйесі мемлекеттік стандартқа дейін жеткізіледі; "Денсаулық жылын" өткізу жөнінде іс-шараларды орындауды қамтамасыз ету; қабылданған бағдарламаларды орындаудың нәтижесінде халықтың ауруларды алдын-алу жөнінде білімі жоғарылайды; коммуналдық дәріханалар жүйесін құру; жеке меншік дәрігерлік қызметін дамыту; денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Алдағы кезеңде, ауылдық жерлерде жалпы тәжірибелік дәрігерлер санын көбейтуге бағытталған, денсаулық сақтаудың алғашқы буынын дамытуға арналған жұмыстар жалғасады.

Алғашқы дәрігерлік-санитарлық жәрдемнің барлық буындары медициналық кадрлармен және жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Орта медициналық кадрлар Жамбыл медициналық колледжі базасында даярланады, оған қабылдауда ауылдық жастарға басымдық беріледі.

## 7.5. Мәдениет

1997 жылы жүргізілген оңтайландыру мәдениет объектілерге үлкен зиян әкелді, олардың саны 83 % қысқартылды. 10 жылдан аса уақытта клуб, кітапхана құрылыстары жүргізілмеген, музыкалық аспаптар, дыбыс-бейнеаппаратуралар, тұрмыстық жиһаз, сахналық костюмдер ескіріп, тозып біткен.

Нәтижесінде, ауыл тұрғындары мәдениет ошақтарынсыз қалды, олардың мәдениет деңгейі төмендеген. Соңғы екі жылда бұл салада айтарлықтай өзгерістер болды, 158 кітапхана мен 43 клуб ашылды. Материалдық-техникалық база едәуір жақсарып, 26,8 млн. теңге күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізілген, 2 млн. теңгеге музыкалық аппаратура алынды, ұлттық костюмдер 1,5 млн. теңгеге сахналық киімдер 500 млн. теңгеге тіктірілген, 11,1 млн. теңгеге 11 микроавтобус сатып алынды. Кітап қорын толықтыруға 4 млн. теңге жұмсалды, " Кітапханаға кітап сыйла" айдарымен халықтан 25 мың кітап жиналды.

Сонымен қатар, мәдениет саласында шешілмеген бірқатар проблемалар бар. Жаңадан ашылған мәдениет салалары мен клубтарда жөндеу жұмыстарын жүргізу керек, олардың көбінде жылыту жүйелері жоқ. 1997-2000 жылдары мәдениет ошақтарының 131 - жекешелендірілген, ал 137 - ауыл шаруашылығы құрылымдардың балансына өткізілген, олардың 116 толығымен жабылып, қалғандары қаржыландыру болмағандықтан істемей тұр. Қазіргі кезде 68 мәдениет үйлері мен клубтарды мемлекетке қайтару қажет, ол үшін қомақты қаржы керек.

Коммуналдық меншіктің балансында 6 мәдениет және демалыс саябақтар тұр

.

Олар қазір қызмет көрсетпей тұр десек болады. Ауылдық жерлерде 4 аудандық мұражай және облыстық тарихи - өлкетану мұражайдың 3 филиалы бар , олардың бөлмелерінде қайта экспозициялауды жүргізу керек.

8. Бағдарламаны іске асырудан күтіліп отырған нәтижелер

Аграрлық саясатты іске асыру барысының талдауы мен мониторингі, облыс экономикасының басқа салаларының тұрақтану мен дамуы және тұрақты өсімге өту, ауыл шаруашылығы салаларының төлем қабілеттілігінің жоқтығы тежеуіш болып тұрғанын көрсетеді. Ауылдың проблемаларын шешпей, өнеркәсіп саласының өркендеуі мүмкін емес.

Облыс агроөнеркәсіп кешенінің 2003-2005 жылдарға арналған дамыту бағдарламасы, ауыл шаруашылығы өндірісінің серпінді және тұрақты өсуіне бағытталған. 2005 жылдың соңына дейін бірқатар ауылдық несиелік серіктестіктер, несиелеудің ипотекалық қорлары құрылып, істей бастайды, астық қолхаттары енгізіледі, МТС-дың жұмыстары мен қызмет көрсету көлемі айтарлықтай өседі, ауылдық жерлерде өнімді дайындау жүйесі ашылады, бірыңғай ақпараттық-маркетингтік жүйесі іске қосылады.

2004 жылдың соңына дейін шаруалар мен майда ауыл тауар өндірушілері өндірістік-қаржылық және экономикалық проблемаларды шешу үшін, ірі және орта кооперативтерге, ассоциацияларға бірлеседі.

Осы бағдарламаны жүзеге асыруға 2003-2005 жылдары қаржыландырудың барлық көздерінен 9770,5 млн. теңге бөлінуі көзделген.

2005 жылға ауыл кәсіпорындары өнеркәсіп өнімдерін 15,8 мың млрд, теңгеге өндіреді, бұл 2002 жылғыдан 1,7 есеге көп болады.

2005 жылы, 2002 жылмен салыстырғанда, ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың саны 3% өсетіні жоспарлануда. Қоғамдық ақылы жұмыстарға 13,4 мың адам тартылады, 1,8 мың адам кәсіптік оқытудан және қайта даярлаудан өтеді, атаулы әлеуметтік көмекпен аз қамтылған азаматтардың 100% қамтылады, бұл төлемдер белгіленген мерзімдерде төленеді.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбек ақылары 50%, атаулы әлеуметтік көмек 17,7% өсуі жоспарлануда.

2 орталық аудандық және 3 ауылдық ауруханалардың құрылысы, 5 фельдшерлік пункттің, 7 ауылдық ауруханалар мен 1 жанұялық дәрігерлік амбулаторияның ашылуы жоспарланған. Вирустық және жұқпалы аурулар едәуір төмендейді, медициналық кадрларға қажеттілік толығымен қанағаттандырылады, ауылдық денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасы жақсарады.

Ауыл тұрғындарының дәрі-дәрмектерге қажеттілігі қамтамасыз етілуі де жоспарланған.

Білім берудің мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерінің жүйесі кеңейтіледі, жалпы білім беру, мектептер жүйесі кепілді нормативке дейін жеткізіледі, бірқатар мектеп қасындағы интернаттар мен жалпы типтегі интернаттардың жұмысы қалпына келтіріледі, тоқтап қалған мектеп құрылыстары аяқталады, бастауыш кәсіптік білім беру мекемелері бюджеттік қаржыландыруға көшіріледі, мектеп жасындағы балалар толығымен оқытылады.

Клубтық мекемелерді ашу, құру және мемлекеттің қарамағына қайтарылуы, күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізу мен материалдық-техникалық базаны жаңарту, мұражайлар үшін экспонаттар сатып алу жоспарланған.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК